**Әл-Фараби атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**
**Заң факультеті**
**Қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу және криминалистика кафедрасы**
**Бағыты: 6В13201**
**Мамандығы Құқық қорғау қызметі**
**Қылмыстық құқық бұзушылықтың алдын алу пәнінен дәрістер қоры**

**1 тақырып Қылмыстық құқық бұзушылықтың ұғымы, оның пәні және әдістері.**

**Түйінді сөздер:** қылмыстық құқық бұзушылық, қылмыс, криминология, қылмыстылық/

**Дәрістің мақсаты:** студенттерде қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу мәселелерін анықтау қабілеттігін қалыптастыру болып табылады.

**Жоспары:**

1. Қылмыстық құқық бұзушылық ұғымы;
2. Қылмыстық құқық бұзушылық түрлері;
3. Криминологияның жүйесі;
4. Криминологияның міндеттері.

**Қылмыстық құқық бұзушылық ұғымы.** Қылмыстық кодексте жазалау қатерімен тыйым салынған кінәлі жасалған қоғамдық қауіпті әрекет (іс-әрекет немесе әрекетсіздік). Қылмыстық құқық бұзушылықтар қоғамға қауіптілік және жазаланушылық дәрежесіне қарай 2 түріне, яғни қылмыстар және қылмыстық теріс қылықтар болып бөлінген. Осы Кодексте жазалау қатерімен тыйым салынған айыпты жасалған, қоғамға қауіпті іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік) қылмыс деп танылады. Ал қылмыстық теріс қылық деп қоғамға зор қауіп төндірмейтін, болмашы зиян келтірген не адамның жеке басына, ұйымға, қоғамға немесе мемлекетке зиян келтіру қатерін туғызған іс-әрекет (әрекет не әрекетсіздік) танылады.

Жалпы, криминолгия сөзі екі бөліктен тұрады, яғни латынша "**crimen**-қылмыс'' және грекше ''**logos**-ілім''. Демек, қылмыс туралы ілім болып шығады, бірақ та оның атауы аталған ғылымның немен айналысатындығын әлі де толық ашпайды. Себебі, қазіргі күні қылмыс мәселесімен айналысатын ғылымдар саны бірқатар. Оның ішінде қылмыстық құқықтың да, қылмысты іс жүргізу құқығының де, қылмыстық-атқару құқығының да ғылымдары, сол сияқты құқықтық психология, социология (құқық социологиясы, қылмыс социологиясы және қылмыстық құқық социологиясы), философия (құқық философиясымен қылмыс философиясы), статистика ғылымдары, тағы да басқа бірқыдыру ғылым салалары бар. Осы салалардың барлығы да қылмыс мәселелерімен айналысқанмен әрқайсысы әр қырынан келеді. Соның ішінде криминология да өз жолымен келуге тырысады.

Демек, криминологияның ең алғашқы айналысатын мәселесі - қылмыс сияқты боп көрінеді, бірақ бұл әлі де нақты емес. Криминологияның ең басты мәселесі, жүрегі - **қылмыстылық.** Жұрт қылмыстылық пен қылмысты бір-ақ нәрсе деп ойлауы әбден ықтимал. Тіпті, қылмыстылықтың жасалған қылмыстардың жиынтығы деп те түсінеді. Иә сыртынан қарағанда солай: қылмыстылық - қылмыстардың жиынтығы, бірақ ішкі жағы мүлде олай емес. Себебі, қылмыс адам әрекетінің бір түрі ғана, ал қылмыстылық - құбылыс.Қылмыстылық қылмыстардың жиынтығынан тұрғанмен де одан мүлде бөлек сапаға ие болған. Бұл жерде ***диалектиканың саннан сапаға өту заңын*** еске түсірген жөн. Екі қылмыс қылмыстылық емес, он қылмыс та, тіпті, жүз қылмыс та қылмыстылық сапасына иеемес, ол үшін міндетті түрде масса керек, яғни жаппай болуға тиісті. Мысалға, ешкім де сиырды бар болғаны он сегіз триллион клетканың жиынтығы деп айта алмайды. Иә ол сырттай қарағанда он сегіз триллион клетканың* жиынтығы, бірақ сіз әр жерден дәл сондай он сегіз триллион сиыр клетекасын жинағанмен, бәрібір ол сиыр болмайды (әрі кетсе ''соғым'' болуы мүмкін). Яғни, жеке клеткада жоқ қасиеттер сиырда, яғни организмде бар. Клетка өзі сиыр сияқты бұзауын іздемейді, шөп жемейді т.б. дегендей. Дәл осындай ойды тамшы мен теңіз туралы да айтуға болады. Жоғарыдағы сияқты бір-екі немесе жүз тамшы әлі теңіз емес, басқаша айтқанда әлі де теңіздік қасиеттерге ие емес (флора мен фаунаның, кеменің жүруі, шулау, толқын тудыру). Яғни қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу

және қылмыстық атқару құқықтарының ғылымдары қылмысты әр түрлі қырынан келіп қарастыруға тырысса, криминология ол мәселелерді емес, қылмыстылық атты құбылысты зерттейді. Бұл криминология пәнінің алғашқы компоненті.

Криминологияға қылмыстылықты зерттеп қоя салу мақсұт емес. Әрбір зерттеудің түбінде қоғамға келетін пайда болу керек. Оның екінші айналысатын мәселесі - **қылмыстылықтың себептері**. Осы себептерді анықтау нәтижесінде ғана тиімді нәтижелерге қол жеткізуге болады. Жоғарыда аталып өткен ғылымдардың ешқайсысы да қылмыстылықтың себептеріне қол салмайды, тек әр қырынан тиіп-қашып жанап өтеді. Мысалға, қылмыстық іс жүргізу құқығында қылмыс құрамының белгілерін анықтау үшін жеке сол қылмыстың себептері дәлелдеу пәніне кіреді және олардың алдын алу үшін сот жеке қаулы да шығара алады. Ал кең көлемде, құлашты кеңге сілтей отырып, жан-жақты әртүрлі көзқарастырды жинақтай отырып, қылмыстылықтың себептерінің жүйесін қалыптастыру криминологияның еншісінде. Осы сияқты, криминология жалпы қылмыстылықтың себептерін ғана емес, сонымен қоса, **жеке қылмыстардың себептерін** де зерттейді. Ал жеке қылмыс пен қылмыстылықтың айырмашылығын жоғарыда сөз еттік. Криминология мәселелерінен қалам тартқан авторлар осы екі компонентті екі бөліп қарастыруды жөн көреді. Демек, криминолгия пәнінің үшінші құрамдас бөлігі - **жеке қылмыстардың себептері мен жағдайлары.**

Бірақ бұл да қылмыстылық атты жағымсыз құбылыстың пайда болатын қайнар көзін толық ашпайды. Себеп өзі секіріп қылмыс жасамайды және мынау қылмыстылықтың себебі деп маңдайына басылған фактор болмайды, ол жәй қарапайым өмірде орын алып жүрген мән-жайлар, оларды қылмыстылық себебіне айналдыратын адамдардың өздері. Олар осы жағдайларды өз санасында қорыту, бағалау арқылы, өн бойынан сүзіп өткізгеннен кейін ғана олар себепке айналады, бірақ біреу үшін қылмыс жасауға жеткілікті себеп болып табылатын фактор екінші біреу үшін себеп емес, керісінше, жігерді қайраушы жағдай болуы мүмкін. Мысалға, жеңіл ойға бой алдыратын адам үшін жұмыссыздық атты фактор қылмыс жасау үшін жеткілікті себеп болса, келесі біреу оны ‘’құдайдың жіберген сынағы’’ деп бағалайды. Сондықтан, қылмыстылықтың пайда болатын бастауларын ашу кезінде себептер мен өзге де жағдайларды бағалайтын қылмыс жасаушы адамның да жеке қасиеттерін айқындап, зерттеудің де маңызы зор. Сонымен, криминологияның пәнін құрайтын келесі, төртінші компонент - **қылмыскердің тұлғасы.**

Осыған дейін криминология әжептәуір нәрселерді зерттеп тастаған сияқты, бірақ қылмыстылықтың пайда болуына әсер ететін тағы бір жай бар, ол - жәбірленушінің мінез-құлқы. Кейде жәбірленушілердің өздері қылмыс құрбаны болуға тікелей үлес қосады, не болмаса, тікелей оны ұғынбаса да жанама түрде себепкер болады. Айталық, толық таныс емес, кездейсоқ адамдарды үйге әкеліп спирттік ішімдік ішеді, не болмаса ұрыс-керіс үстінде ‘’Қане, ұршы мені, ұра алмайсың, еркек емессің’’ деген сияқты сөздермен қайрайды. Егер де болашақ жәбірленушілер өздері үлес қоспағанда, не себепкер болатын жайлардың алдын алып жүргенде әлде қалай болар еді. Сондықтан, криминология **жәбірленушінің де мінез-құлқы мен тұлғасын** зерттеуді өз мойнына алады және ол криминологиядан басқа ешқандай ғылымның зерттеу пәніне кірмейді (қылмыстық іс жүргізу оларды тек қорғауды жүзеге асырады).

Бірақ криминологияның шаруасы мұнымен де түгесіліп қалмайды. Өйткені, қылмыстылық пен оның себеп-жағдайларын анықтағаннан жарытып пайда келмейді. Осы ғылымның және оның ғана емес, барлық қылмыстық-құқықтық циклдегі құқық салаларының басты мақсаты - қылмыстылықты болдырмау, яғни оның **алдын алу.** Қылмыстық құқықтық бағыттағы құқық салалары мен олардың ғылымының да қоғам үшін керегі - қылмыстылықтың алдын алу үшін күресетіндігінде. Осы жерде ‘’Өз өзіне қарсы шығатын екі-ақ ғылым бар’’ деп те қалжыңдауға болады, яғни бірі - медицина, екіншісі - қылмыстық-құқықтық циклдегі ғылымдар. Қалжыңдап айтқанда, медик сырқат болмас

үшін күреседі, бірақ сырқат жоқ болса, дәрігерге жұмыс та жоқ, дәл сол сияқты, қылмыспен күресетін мамандар қылмыс болмасын дейді, болмаса, оларға да жұмыс жоқ. Әрине, мұның тек қалжың екенін ұмытпаған жөн, әйтпесе, қатты жұмыс істеп кетсек, жұмыссыз қалады екенбіз деп ойлауға әсте болмайды.

Қорыта айтқанда, криминология ғылымының пәнін құрайтын келесі, алтыншы компонент - **қылмыстылықтың алдын алу**.

Қылмыстылықтың алдын алу үшін де белгілі бір әрекеттер жасалуы керек. Соның бірі - қылмыстылықты болжау. Мысалға, А. пункітінен Б. пункітіне бір машина шықты деп есептейік және оған жететін бес жол бар. Осы автокөлікті жылжып келе жатқан қылмыстылық деп есептесеңіз, оны тоқтату - оның алдын алу. Тоқтату үшін, әлбетте, оның қай жолмен жүретіндігін білу керек, әйтпесе, бос әуре болады, барлық жолдарды ‘’мемлекет’’ жауып тастай алмайды. Қай жолмен жүретіндігін білу дегеніміз - оны болжау. Демек, криминогияның пәнін **криминологиялық болжау** да құрайды.

Сонымен, криминология ғылымының пәнін құрайтын компоненттер:

1) қылмыстылық;
2) қылмыстылықтың себептері;
3) жеке қылмыстардың себептері мен жағдайлары;
4) қылмыскердің тұлғасы;
5) жәбірленушінің мінез-құлқы мен тұлғасы;
6) қылмыстылықтың алдын алу;
7) криминологиялық болжау.

Кейбір авторлар, осы тізімге тағы бір компонентті қосады, ол - криминологиялық зерттеулердің әдістері. Басқа бір авторлар оған қарсы шығады. Қосқысы келетіндер өз ұмтылысын криминология ғылымының сан салалы болғандықтан, онда өз қанынан өзгенің қаны көп екендігін ескеріп, оның әдістері де сан қилы болып келетіндігімен түсіндіреді. Сол себептен, жан жақтан құралған ғылыми тәсілдерді (социологиялық, статистикалық, психологиялық, биологиялық, математикалық т.б.) бір жерге біріктіру де аталған ғылым пәніне ену қажет деп есептейді.

Ал оған қарсы шығатындар кез келген ғылымның пәні ‘’нені зерттейді?’’ дегенді білдірсе, оның әдістері ‘’қалай зерттейді?’’ дегенді білдіреді дейді, яғни ‘’нені зерттейдіге’’ ‘’қалай зерттейдіні’’ қосу орынсыз деп санайды олар.

**1. Криминологияның түсінігі**. Жоғарыда тізімі келтірілген криминология пәнінің компоненттерін қолдана отырып, оның түсінігін беру - анықтама берудің ең оңай жолы, яғни **криминология дегеніміз** - қылмыстылықты, оның себептерін, жеке қылмыстардың себептері мен жағдайларын, жәбірленушінің мінез-құлқы мен тұлғасын, қылмыскердің тұлғасын, сондай-ақ қылмыстылықтың алдын алу мен болжауды зерттейтін салааралық ғылым. Не болмаса, ғалымдардың бір шоғыры осылардың бәрін тізбектеп жатпай қысқартылған да анықтама береді, олардың айтуынша криминология - қылмыстылықты, оның себептерін және қылмыскер тұлғасы мен қылмыстылықтың алдын алуды зерттейтін салааралық ғылым саласы. Олар жоғарыда айтылған компоненттерді жоққа шығармайды, бар болғаны оларды ірілендіріп біріктіреді, яғни қылмыстылықтың себептерін, жеке қылмыстардың себептері мен жағдайларын, сондай-ақ жәбірленушінің мінез-құлқы мен тұлғасын қылмыстылықтың себептеріне шоғырландырса, қылмыстылықтың алдын алу мен болжауды бір деп қарастырады.

Криминология ғылымын басқа қырынан да келіп анықтаушылар бар. Бірақ ол негізгі түсінікті толықтырушы ғана анықтама. Криминология қылмыстылықты ғана емес, онымен байланысты өздері қылмыстылықты құрамаса да онымен тікелей байланысты жағымсыз

құбылыстарды зерттейді. Олар, айталық, жезөкшелік, өзін өзі өлтіру, маскүнемдік, наркомания т.б. Осылардың бәрі де (қылмыстылықты қоса алғанда) әлеуметтік ауытқулар. Әлеуметтік ауытқуларды зерттейтін ілімнің аты - әлеуметтік патология. Бірақ соңғы ілімнің айналысатын мәселесінің барлығы криминолгия үшін қажет емес, тек оның ішіндегі ең бір асқынған, қоғамға қауіпті түрлеріне ғана криминология ғылымы қызуғышылық танытады. Осыны ескере отырып, криминология дегеніміз - әлеуметтік патология деп аталатын жан жақты, конгломерат ілімнің өзегі болып табылады деушілер бар.

**2. Криминологияның жүйесі**. Криминология құқық саласы емес. Бірақ құқық салаларына тән қасиет мұнда да бар, ол - жалпы және ерекше бөлімдерден тұру. Криминологияның жалпы бөлімі (немесе жалпы криминология) жоғарыда аталған өз пәнін (қылмыстылық, оның себептері тағы басқалары) жалпылама қарастырады, яғни онда ешқандай да қылмыстылық түрі туралы әңгіме қозғалмайды. Ал ерекше бөлімде болса (немесе ерекше криминология) нақты қылмыстылықтың түрлері алынып, жалпы бөлімде алынған білімдер нақты қолданылады. Мысалға, кәмелетке толмағандардың қылмыстылығы алынып, тек қана соның деңгейі, қарқындылығы, динамикасы (жалпы бөлімде барлық қылмыстылықтың осындай көрсеткіштері зерттеледі), тек қана соның себептері (жалпы бөлімде барлық қылмыстылықтікі), тек қана кәмелетке толмағандардың жасаған қылмысын жәбір шегетіндердің мінез-құлқы мен тұлғасы, тек қана кәмелетке толмаған қылмыскердің тұлғасы, тек қана осы қылмыстылықтың түрінің алдын алу мен болжау сөз болады. Дәл осы сияқты әйелдердің қылмыстылығы, рецидивистік қылмыстылық, кеден қылмыстылығы, коррупциялық қылмыстылық т.б. жөнінде де осылай айтуға болады.

**3. Криминологияның міндеттері.** Криминология ғылымының мынандай үш түрлі міндетін атауға болады:

1. Аналитикалық, яғни зерттеу міндеті. Қылмыстылықты, оның себептерін, қылмыскердің тұлғасын, жәбірленушінің мінез-құлқы мен тұлғасын (виктимологиялық аспектілерді) зерделеп, талдау.
2. Болжау міндеті - криминогендік құбылыстардың болашақтағы өзгерістерітуралы негізді ұсыныстар жасау.
3. Әр түрлі жолмен тәжірибелендіру. Бұл қылмыстылықтың алдын алуға келеді, сол сияқты виктимологиялық профилактиканы да қолдануды көздейді.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Криминология // Алауханов Е.О. – Алматы, 2010 ж.
2. Профилактика преступлений // Алауханов Е.О., Зарипов С.З. – Ал Нур-пресс, 2017 г.
3. Криминалистика// ТапаловаР.Б., БазиловаА.А., ДаубасоваС.Ш. –Ал Қазақ университеті, 2017 ж.
4. Криминология и предупреждение преступлений // Авдийский В.И. [ под ред. В.И. Айдийского – М:Издательство Юрайт, 2017 г.
5. Криминология/ Кайржанов Е.И.-2012 г.
   Интернет-ресурсы:
6. htpp//www.Adilet.zan.kz,
7. http://almaty- otary.kz/vystuplenie--a.-
8. zhanabilovoy---pred.

**2 тақырып. Қылмыстың алдын алуды зерттеулердің методологиясы менметодикасы.**

**Түйінді сөздер:** әдіс, әдіснама, жалпы ғылымдық әдістер, нақты социологиялық әдістер, нақты статистикалық әдістер.

**Дәрістің мақсаты:** студенттерде қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу мәселелерін анықтау қабілеттігін қалыптастыру болып табылады.

**Жоспары:**

1. Криминологиядағы жалпы ғылымдық әдістер;
2. Криминологиядағы нақты социологиялық әдістер;
3. Криминологиядағы нақты статистикалық әдістер.

1. **Криминологиядағы жалпы ғылымдық әдістер**. Соңғы уақытта терминжасамға байланысты пайдасы шамалы бір үрдіс қалыптасты - ол барлық терминдерді бір шыбықтың астына алып қазақтандыру. Осының нәтижесінде жаңадан ‘’әдістеме’’, ‘’әдіснама’’, ‘’тәсілдеме’’ деген тәрізді терминдер қолданыста жүр. Олар методика, методология терминдерін тәржімалауға тырысқан. Бірақ бұл қолдауға тұрарлық іс емес. Енді осы ұғымдардың арқатынасына келейік. Әдіс - ол белгілі бір нәтижеге жетудің жолы болса,

методика - ол осындай әдістердің жиынтығы, ал методология - әдіс туралы ілім болып табылады.

Криминологияда қолданатын әдістерді екіге, атап айтқанда, жалпы ғылымдық және арнайы ғылымдық деп жіктеуге болады. Соның ішінде жалпы ғылымдық әдістерді оның табиғатына қарамастан барлық ғылымдар қолданады. Олар:

- *абстрактіліктен нақтыға өту.* Бұл әдіс, ең алдымен, бұған дейінгі қылмыстылық, оның детерминанттары мен жасалған шаралардың тиімділігі туралы жеткен нәтижелерге көз жүгіртуді, және, одан кейін, ол жеткен нәтижелердің де жеткіліксіз екендігін білу мен қылмыстылықтың, оның детерминанттарының қозғалып бара жатқан ашық жүйе екендігін үнемі есте ұстауды білдіреді. Әл-Фарабидың сөзімен айтқанда, құбылысты неғұрлым жақсы танып, оған жақындаған сайын ол да соншалықты одан қашады.
- *гипотеза.* Бұл әдіс бұған дейін алынған эмпирикалық мәліметтерді есепке ала отырып, жөн-жосықсыз зерттеу жүргізбей, зерттеуді мақсатты жүргізуге жәрдемдеседі.
- *жүйелік-құрылымдық талдау.* Кез келген құбылысты құрылымдық элементтерге бөліп және олардың өзара ықпалын зерттеуді білдіреді. Қылмыстылықтың құрылымын немесе оның детерминанттарын топтастырғанда оны аңғаруға болады. Сол сияқты қылмыстылықтың өзі де қоғам деп аталатын үлкен жүйенің элементі.
- *тарихи әдіс.* Неғұрлым ұзақ мерзімді алып зерттеуді көрсетеді.
- *салыстыру.* Әр түрлі елдердегі осы құбылыстың зерттелуін салыстыруды мегзейді.

Криминологияда қолданылатын әдістерді реактивтік және реактивтік емес деп те бөледі. Алғашқысы зерттеуші мен зерттелушінің тікелей байланысқа түспей-ақ зерттеу жүргізу әдісін білдірсе (мысалға, қылмыстық материалдарды, істерді талдау), соңғысы - тікелей зерттеуші мен зерттелушің түйісуі нәтижесінде мәлімет жинауды көрсетеді (мысалға, сұхбат алу, анкета жинау т.б.).

**2. Криминологиядағы нақты социологиялық әдістер.** Криминологиялық зерттеулер жүргізген кезде көп қолднылатын әдістердің бірі - ***нақты социологиялық әдістер***. Олардың мынандай түрлері бар:

*1) құжаттарды талдау әдісі.* Бұл әдіске латенттік қылмыстылықты зерттеу жөнінде әңгіме қозғағанда аздап жанап өттік. Бұл құжаттар, әдетте, осы зерттеліп отырған мәселелеге орай емес, мүлде басқа себеппен жиналған, бірақ криминологиялық зерттеу жүргізу үшін оларды қолдануға болады. Мысалға, азаматтық-құқықтық құжаттарды талдау арқылы (қорлауға байланысты моральдық шығынды өтету туралы талаптар) шағымданбай қалған қылмыстардың мөлшерлі санын анықтау.

*2) Байқау.* Оның үш түрі бар: а) сырттай байқау, яғни байқаудың қарапайым түрі: мысалға, қарапайым зерттеушінің әрекеті; ә) іштей байқау, мысалға, кеден қылмыстылығын байқау үшін кеден органдарына жұмысқа орналасу; б) қатысушы-байқаушы, яғни қылмыстық мінез-құлықты байқап қана қоймай, оның кейінгі бағытына байқаушының да ықпал етуі: мысалға, сол кедендегі контрабандамен айналысатын қылмыстық ұйымға мүше болып кіру. Соңғысы, қаншалықты криминология ғылымына пайдалы әрі тиімді зерттеу болса да байқаушы-қатысушының жасаған қылмыстары үшін құқық қылмыстық жауаптылықтан босатпайды.

*3) әлеуметтік эксперимент.* Ол әдіске сәйкес ұсынылған гипотезаларды қорытындылай келе эксперимент жасалып, оған дейінгі және одан кейінгі нәтижелер салыстырылады. Егер тиімді болса, практикаға енгізіледі. Мысалға, қылмыскердің түзелуі

мен рецидивистік қылмыстылықтың алдын алуда тиімді болып есептелетін қоныс-колониялар ең алдымен осындай әлеуметтік эксперимент есебінде сынақтан өткен.

4) *Сауалнама (опрос):*

*а) Қарапайым сауалнама.* Оның да екі түрі бар: а) іштей (сұхбаттасу) және сырттай (анкета жүргізу). Анкетаның өзі де анонимдік немесе қарапайым бола алады. Осы жерде, сұхбаттасу мен әңгімелесудің айырмасын білген жөн. Сұхбаттасу кезінде тек қана корреспондент пен респондент, яғни сұраушы мен сұралушы ғана бар болса, әңгімелесуде әңгіменің еркін өрбуіне екі тарап та үлес қосады. Әдетте, әңгіме жүргізуші-зерттеуші өзінің мақсаттары туралы жасырады, тіпті, әңгіме барысы үшін және оппонеттің жанына үңілу үшін ойдан шығарылған оқиғаларды айтуға шейін барады.

Осы сауалнамада маңызды нәрсе болып сұрақтарды құру мен сұраунама техникасы табылады. Сұрақтарды құрастыруға байланысты кейбір мынандай талаптары бар:

1) сұрақ нақты, қысқа, түсінікті және қарапйым болуға тиісті;
2) сұрақ жауапта ескерілуге тиісті уақытты, орынды және контексті көрсетуі тиіс;
3) көпмағыналы сөздерді қолданбаған абзал;
4) бақылаушы, нақтылаушы сұрақтар негізгі сұрақтан кейін іле-шала қойылмауы тиіс;
5) сұрақ болып қалуы мүмкін балама жауаптырды көрсетуі тиіс (терістуші, жақтаушы т.б.);
6) жауапты нақтылау керек болғанда сұраққа кішкене алғысөз келтіруге болады;
7) сұрақты түзу мен оның мағынасы сұралушылардың тәжірибесі мен қызмет салсын ескеруі қажет;

қиын сұрақтар мен сұралушыны толғандыратын сұрақтар анкетаның басында қойылмауы керек.

*ә) Социометриялық сауалнама.* Социометрия сөзі латынша socium (жолдас, қатысушы) және metrum (өлшеу) деген екі сөзден шыққан.Ол - сол индивидуумның бірге тұрып, бірге жұмыс істейтін топтарымен әлеуметтік-эмоционалдық байланысын сапалы талдауға арналған техникалық амалдар мен процедуралардың жүйесі, яғни өзге ‘’жолдас’’ топ мүшелерімен арақатынасты қарапайым жолмен анықтау. Криминологияда социометрия сирек қолданылса да, жанұялық криминология деп аталып жүрген криминологияның ерекше бөліміндегі жанұя саласындағы қылмыстылықты зерттеу мен алдын алуда таптырмайтын құрал.

*б) Сарапшылық бағалау әдісі.* Бұл әдіс сарапшылардың пікіріне сүйеніп қортында жасау болып табылады. Кез келген маманның емес, осы аумақта тұратын және ондағы криминогендік жағдайды білетін мамандардың пікірі жиналады. Сарапшылардың саны зерттеудің маңызына байланысты. Сарапшылардың арасында сұраунама жүргізу топтық та, жеке-дара да; іште де, сырттай да; ауызша да, жазбаша да; жалпы да, жеке де мәселелер бойынша болуы мүмкін. Олардың пікірін жинай отырып, кесіп айтылған, жалпы жұрт пікірінен қия кететін гипотезалар алынып тасталады да, жалпы, ортақ бір қорытынды шығарылады. Эксперттік бағалау әдісінің тек субъективтік пікірге ғана сүйнетіндігінен өз кемшіліктері болғанмен де, кейбір криминологияны толғандыратын мәселелерді осы әдісті қолданбай зерттеу мүмкін емес.

**3.** ***Нақты статистикалық әдістердің*** ішінде криминология көп арқа сүйейтіні - ол байқау, бірақ ол социологиялық емес, статистикалық байқау. Байқаудың өзі статистикалық зерттеулердің бірінші сатысы екендігі анық. Статистика да құбылыстардың сапалық жағын есепке ала отырып, сандық жағын зерттейді және оның заңдылығын анықтауға тырысады. Заңдылықтар статистикалық қана емес, динамикалық та бола алады. Екеуінің

айырмашылығы сонда - динамикалық заңдылықты жаратылыстану ғылымдары бойынша жалғыз ғана зерттеу объектісін алып анықтауға болады. Мысалға, тарақанның көбею инстинкті бар екендігін жүздеген-мыңдаған тарақанды зерттемей-ақ, бір-екі, ары кеткенде оншақты мұртты қоңызды зерттеп-ақ анықтаууға болады. Ал статистикалық заңдылықты тек қана массаны, зерттеу объектісін жаппай алып қана анықтауға болады. Статистикалық заңдылығын анықтауға жататын құбылыстың бірі - қылмыстылық. Бірді екілі қылмыстың себебін ғана анықтап, оларды барлық қылмыстырға таңуға әсте болмайды. Сондықтан да қылмыстылық деп аталатын салыстырмалы жаппай құбылыстың көріністерін неғұрлым кеңірек, көбірек алып қарастыруға тырысу керек. Қылмыстылықты жаппай байқау мүмкін емес, әрі латенттік қылмыстардың да бар екенін ескеру керек. Статистикалық байқаудағы жиынтық бірлігінің толықтығаны қарай оны: жаппай байқау және іріктеп байқау деп бөлуге болады.

Іріктеп байқау да үш түрге жіктеледі: а) негізгі массивті байқау (барлығы мүмкін болмаса да негізгі басым бөлігін назарға алу); ә) монографиялық байқау (жеке бір мәселені мұқият, бүге-шігесіне дейін талдау); б) таңдаулы байқау. Соңғы байқау түрін қолданғанда құбылыстың объективтік заңдылығын анықтау үшін жиынтық бірліктері тек қана кездейсоқ алынуы керек, яғни алдын ал зерттелмей, бас-көзіне қарамай алынуы керек. Мысалға, рецидивистік қылмыстылық қылмыскер кәмелетке толмай тұрғанда жасаған қылмыстарына бастау алады деген гипотезаны дәлелдеуге бір зерттеуші бел буды делік. Ол үшін рецидивистердің зерттелетін бөлігі кездейсоқ алынуы керек, Егер де зерттеуші өз ойын дәлелдеу үшін алдын ала атүсті байқау жүргізіп, тек қана кәмелетке толмаған шағында қылмыс жасаған рецидивистерді ғана зерттеу объектісіне алып, қалғандарын ысырып қойса, құбылыстың объективтік заңдылығы шықпайды, тек қана зерттеушінің субъективтік пікірі болып қана қалады. Дәл осы сияқты, Ломброзо барлық қылмыскерлерді зерттей алған жоқ, тек он бір мыңына ғана қолы жетті. Бұл оның таңдаулы байқауы. Сөйте тұра, ол тек бас сүйегінде атвизимдері барларды ғана емес барлық ‘’қолына түскен‘’қылмыскерлерді зерттеу объектісіне айналдырған жоқ па еді?!!

Математикалық статистика таңдаулы байқаудың мынандай түрлерін ажыратады: қарапайым, кездейсоқ, жүйелік, типтік, сериялық, екісатылы, аудандандырылған, квота принципі бойынша таңдау т.б.

Осы жерде заңдылықты көрсету қабілетіне орай репрезентативтілік ұғымына назар сала кеткен жөн. ***Репрезентативтілік*** дегеніміз - басты жиынтықтың параметрлерін таңдаулы жиынтықтың көрсете алу қабілеті. Мысалға, кәмелетке толмағандар жасаған қылмыстарға қатысты үш жүз қылмыстық істі зерттеп, кәмелетке толмағандарсанының шамамен 14%-нде қылмыстық жолға түсуіне жолдас-жоралары ықпал еткен деген заңдылығын шығарамыз. Бірақ бұл Қазақстанда жасалған үш жүз кәмелетке толмаған адамның қылмысы ғана. Ал шын мәнінде жылына он мыңдаған кәмелет жасына толмаған адам қылмыс жасайды. Егер де осы жыл сайын жасалатын кәмелетке толмағандардың қылмысын тіркеп, олардың сеьептерін бірден есепке алатындай құрал табылса және осы құралымыздың өзі шынында да олардың 13,4%-нде олардың қылмыс жасауына жолдас- жоралары итермелейді деп анықтаса заңдалығын, онда расында да жоғарыда кездейсоқ таңдалып алынған үш жүз қылмыстық істің репрезентативтілігі бар. Егер де мүлде жақындамайтын заңдылық анықталса, керісінше, зерттелген материалдардың репрезентативтілігі жоқ болып шығады.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Антонян Ю.М., Блувштейн Ю.Д. /Методы моделирования и изучения преступника и преступного поведения. М. , 2012.

2. Герцензон А.А. Уголовное право и социология. М., 2009
3. Методика криминалистического изучения личности престуника. М., 2009.
4. Блувштейн Ю.Д. Криминология и математика. М., 2009.
5. Панкратов В.В. Методология и методика криминалистических исследований. М., 2012.
6. Психологическое изучение личности преступника. М. 2009.

## 3 Тақырып. Қылмыстылық және оның сипаттамасы. Қылмыстылықтың детерминациясы және себептері.

**Түйінді сөздер:** қылмыстылық, қылмыстылықтың деңгейі, қылмыстылық қарқындылығы, қылмыстылықтың құрылымы, қылмыстылықтың динамикасы, латенттік қылмыстылық.

**Дәрістің мақсаты:** студенттерде қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу мәселелерін анықтау қабілеттігін қалыптастыру болып табылады.

**Жоспары:**

1. Қылмыстылықтың түсінігі мен белгілері;
2. Қылмыстылықтың көрсеткіштері;
3. Латенттік қылмыстылық.

**1.Қылмыстылықтың түсінігі мен белгілері.** Қылмыстылық - бұл салыстырмалы жаппай, тарихи өзгермелі әлеуметтік, қылмыстық-құқықтық сипатқа ие, белгілі бір мемлекетте белгілі бір уақыт аралығында жасалған қылмыстардың жиынтығынан тұратын таптық қоғамның құбылысы. Осындай анықтаманы алпысыншы жылдары Н.Ф.Кузнецова берген болатын. Одан бері де осы анықтаманың мұрты қисайған жоқ.

Оның өзіндік себептері де бар. Жоғарыда айтып өткеніміздей қылмыстар жинақтала келгенде жаңа бір сапаға ие болады, ол - қылмыстылық. Осыған байланысты теңіз бен тамшыны, клетка мен организмді мысал қып келтіре кеттік. **Қылмыстылық -** әлеуметтік құбылыс, өзінше бір организм, қоғамның өзіне бағытталған сырқаты. Сырқат демекші, қылмыстылықтың сыртқа көрінетін көрсеткіштері оның симптомы сияқты екендігін айта кету керек, себебі кейбір сырқат түрлерінің симптомы бірдей болғанымен диагнозы және емдеу жолдары әр түрлі болатыны аян. Мысалға, тұмау мен сібір жарасының сыртқы симптомдары бірдей болғандықтан АҚШ-та 2001 жылы сырқаттанғандарды тұмаудың дәрісімен емдегендіктен бернеше адам қайтыс болды. Сол сияқты ұрлық пен кісі өлтірудің немесе, тіпті, ұрлық пен алаяқтықтың алдын алу жолдары да әр қилы болу керек екендігі хақ.

Жоғарыдағы анықтамадан қылмыстылықтың мынандай белгілерін анақтауға болады:

- оның салыстырмалы-жаппайлығы. Жалпы жаппай емес салыстырмалы жаппай болатын себебі - қоғамның бәрі қылмыстылық атты сырқатпен ауырмайды, тек белгілі бір бөлшегі ғана қылмыстылық құбылысына үлес қосады, ал тұмау эпидемиясы жаппай құбылыс, өйткені ол кездерде жұрттың бәрі тұмауратып шығады. Ал салыстырмалы жаппай болмаса да ол қылмыстылық емес, бар болғаны бірді-екілі немесе жүз-екі жүз қылмыстардың жиынтығы ғана болып қалады.
- тарихи өзгермелі болатындығы қоғамның қылмысқа деген көзқарасы үнемі өзгеріп отыратындығында. Бір уақыттарда қылмыс боп есептелген әрекеттер басқа бір кезде қылмыс емес немесе керісінше. Мысалға, Кеңес дәуірінде алып-сатарлық әрекеті қылмыс боп, қылмыстылықты құрап тұрса, қазір ол қылмыс болмақ түгілі экономиканы дамытушы факторлардың бірі (бизнес). Не болмаса сол уақытта компьютерлік қылмыстардың атын да білмеген болса, қазір ол дүниежүзінде кең тараған қылмыс түрі. Яки құл иеленушілік

құрылыс кезіндегі құлды өлтіру мен осы күнгі адам (кез келген) өлтіруді, ортағасырдағы еуропа елдеріндегі ‘’алғашқы түн’’ құқығын атауға да болады.

- жоғарыдағы белгімен сабақтас қылмыстылықтың қылмыстық-құқықтық сипатқа ие құбылыс екендігі. Әлбетте, қылмыстылық өзі сырттай қарағанда жасалған қылмыстардың жиынтығынан тұрады, ал әрекетті қылмыс деп тек қана қылмыстық құқыққа сүйене отырып тани аламыз.

- оның белгілі бір мемлекетте белгілі бір уақыт аралығында жасалған қылмыстардың жиынтығынан тұратындығын кез келген құбылыстың кеңістік пен уақыт параметрлеріне бағыныштылығымен түсіндіруге болады. Мысалға, Қазақстандағы қылмыстылық десек мүлде түсініксіз, себебі Адам ата - Хауа ана жаралған сәттен бастап қазақ даласында қанша қылмыс болғанын біле алмаймыз немесе 2002 жылғы қылмыстылық десек те Әлемнің түкпір-түкпірінде қанда қылмыс болғанын білмейміз.

- *оның әлеуметтік құбылыс екендігі қылмыс тек қана адамдар қоғамында орын алатындығымен ерекшеленеді.*

- *оның таптық қоғамның құбылысы екендігі бір қарағанда дау туғызуы да мүмкін, өйткені бұл белгіден социалистік көлеңке іздеушілер де табылады. Бірақ олармен келісе қою да қиын. Барлық қылмыстылықтың бәріне ортақ бір ғана себебі бар ма?- деген сұраққа жауап табылуы екіталай. Десек те бір факторды ортақ деп айтуға әбден болады. Ол - қайшылық, мүдделердің, мұқтаждықтардың, көзқарастардың қайшылығы.Ал осы ойды індетсек, қайшылық қай жерде болады? Тек тап бар жерде, әлеуметтік тап жоқ жерде қайшылық та (антогонистік қайшылықтарды қоса алғанда) болмайды. Демек, қылмыстылықтың табы бар қоғамға тән құбылыс екендігі мың мәрте шындық.*

Қылмыстылық қоғамның төл баласы, сөйте тұра ол қоғамның өзіне қарсы бағытталған сырқаты. Осы жерде қылмыстылықтың кері байланысқа ие құбылыс екендігін айта кету керек. ***Кері байланыс*** дегеніміз қандай да бір құбылыстың, процестің нәтитжесі сол құбылыстың қызмет етуіне, функциясына ықпал еткенде орын алатын байланыс түрін айтамыз. Мысалға, оны қарапайым түрде былай түсіндіруге болады. Сөйлеп тұрған (қызмет) шешен оның тыңдаушыларының ұйып тыңдап отырғандығын (нәтиже) байқайды. Олардың ұйып тыңдап отырғандығы (нәтиже) шешеннің одан да әсерлі сөйлеуіне (қызметке) ықпал етеді. Немесе айнаға қараған адам шашына ақ түскендігін байқайды. Енді оның "шашым ағарып барады" деген уайымынан да шашы ағарады.

Сол сияқты қоғам (Қғ1) қылмыстылықты (Ққ1) туындатады да ол қоғамның өзінің әрекет жасауына ықпал етеді, осының нәтижесінде қоғамның бет-әлпеті өзгереді, өзге кейіптегі қоғам пайда болады (Қғ2), соңғысы өз кезегінде қылмыстылықтың да сипатын өзгертеді (Ққ2), осылай жалғасып кете береді.

Яки бұқаралық ақпарат құралдарына да контент-талдау жүргізіп, олардағы қылмыстар туралы хабарлар саны мен оларға байланысты қозғалған істердің пропорциясын зерттеу нәтижесінде де жасырылған қылмыстардың шетін көруге болды. Өйткені Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 177-бабының 1-бөлігінің 4 тармағы бойынша бұқаралық ақпарат құралдарындағы хабарлар қылмыстық істі қозғаудың бір себебі болып табылады.

Латенттік қылмыстылықты зерттеудің өзге де әдістері бар, оларға **2. Қылмыстылықтың көрсеткіштері**. Қылмыстылықтың мынандай көрсеткіштері бар: деңгейі, қарқындылығы, құрылымы, динамикасы.

***Қылмыстылықтың деңгейі*** дегеніміз белгілі бір мемлекетте белгілі бір уақыт аралығында жасалған қылмыстардың абсолюттік саны. Мысалға, Қазақстан Республикасында 1960 жылы - 29 426 қылмыс жасалса, 1970 жылы ол деңгей 56 164-ке көтерілген, 1980 жылы 76 517 болса, 1990 жылы 148 053, 2000 жылы 150 790 болған.

| **Жыл дар** | **Қылмыс-тылық деңгейі** | **Жыл дар** | **Қылмыс-тылық деңгейі** | **Жыл дар** | **Қылмыс-тылық деңгейі** | **Жыл дар** | **Қылмыс-тылық деңгейі** | **Жыл дар** | **Қылмыс-тылық деңгейі** |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 960 | *29426* | 969 | *52567* | 978 | *70140* | 987 | *98023* | 996 | *183977* |
| 961 | *43174* | 970 | *56164* | 979 | *73309* | 988 | *103039* | 997 | *165401* |
| 962 | *44674* | 971 | *54766* | 980 | *76517* | 989 | *135338* | 998 | *142100* |
| 963 | *43582* | 972 | *54483* | 981 | *81397* | 990 | *148053* | 999 | *139431* |
| 964 | *39579* | 973 | *55938* | 982 | *82690* | 991 | *173858* | 000 | *150790* |
| 965 | *38930* | 974 | *59873* | 983 | *99415* | 992 | *200873* | 001 | *152168* |
| 966 | *49065* | 975 | *61217* | 984 | *99171* | 993 | *206006* | 002 | *135151* |
| 967 | *49357* | 976 | *62748* | 985 | *103587* | 994 | *201796* | 003 | 118485 |
| 968 | *53090* | 977 | 61886 | 986 | *99417* | 995 | *183913* | | |

***Қылмыстылықтың қарқындылығын*** коэффициент арқылы анықтауға болады. Коэффициенттің өзі де фактіге қатысты, қылмыс жасаған тұлғаларға қатысты және сотталғандарға қатысты деп үш түрлі бола алады. Мысалға, фактіге қатысты коэффициент (**Кф**) былайша есептеліп шығарылады:

**Кф = <u>қылмыс фактілерінің саны х 10 000 (масса)</u>**

Халық саны

Бұл формуладан біз әрбір он мың халыққа қанша қылмыс фактісінен келгендігін көресіз. Мысалға, 1993 жылы қылмыстылық деңгейі ең шарықтау шегіне жетті, яғни 206 006 қылмыс жасалды, демек оның коэффициентін есептесек,

Кф = <u>206 006 х 10 000 (масса)</u> = 121, 18

**17 000 000**

яғни 1993 жылы әрбір он мың халыққа 121 қылмыс фактісінен келді. Ал 2002 жылы болса 135 000 қылмыс жасалды, яғни

Кф = 135 151 х 10 000 (масса) = 96, 53
**14 000 000**

демек, 2002 жылы әрбір он мың халыққа 96 қылмыс фактісінен келген.

Ал 2003 жылғы ахуал одан өзгеше:

Кф = 118 485 х 10 000 (масса) = 84, 63

**14 000 000**

Бұл 1993 жылға қарағанда (Қазақстандағы қылмыстылық деңгейінің ең жоғары дәрежеге көтерілген жылы) 2002 жылы қылмыстылықтың қарқындылығы әлдеқайда төмен дәрежеге түскен. Ал формуланың бөліміндегі 1993 жылы 17 млн. тұрып, 2002 жылы 14 млн.-ның тұруы халық санының өзгеруімен түсіндіріледі. Халық саны демекші оның өзін екі түрлі есептеуге болады. Біріншіден, коэффициент шығару есебі барлық халыққа жүргізіледі, екіншіден, тек қана қылмыстылық жасына жеткен халық арасындағы есеп. Ол үшін жалпы халық санынан он төрт жасқа жетпеген адамдардың саны алынып тасталады. Есептің олай жүргізілетін себебі - алғашқысы қаншалықты қоғамның қылмыстылықпен уланғандығын білдірсе (өйткені, он төртке дейінгі тұлғалар да қылмыс жәбірленушісі бола алады), соңғысы қылмыстылық жасындағы адамдардың қаншалықты криминогендік асқынғандығын көрсетеді.

Коэффициенттің екінші түрі тұлғаға қатысты. Аталмыш коэффициентті анықтау барысңда да дәл осындай формула қолданылады, бірақ жасалған фактілер санының орнына қылмыс жасаған тұлғалар саны тұрады. Мысалға,

**Кт = қылмыс жасаған тұлғалар саны х 10 000 (масса)**
Халық саны

Егер алғашқы есеп, әр бір он мың халыққа қанша қылмыс фактісінен келеді дегенді білдірсе, бұл есеп сол жылы әрбір он мың халықтың қаншасы қылмыс жасаған дегенді білдіреді.

***Қылмыстылықтың құрылымы*** - бұл белгілі бір аумақта белгілі бір уақыт аралығында жасалған барлық қылмыстардың ішіндегі нақты қылмыстылық түрінің үлес салмағы және қылмыстар санының арақатынасы. Оны есептеудің де формуласы бар:

*Ққ = Қт х 100*
**Қб**

Бұл жердегі: **Ққ** - қылмыстылықтың құрылымы; **Қт-** нақты қылмыстылықтың түрі; **Қб** - барлық қылмыстылық саны; ал 100 дегеніміз процентті анықтаушы көрсеткіш.

Мысалға, 1999 жылы ауыр және аса ауыр қылмыстардың үлес салмағы 48,6% болса, керісінше кішігірім және орташа ауырлықтағы қылмыстардың салмағы 51,4%; 2000

жылы осындай есеп 48,5% (ауыр мен аса ауыр) және 51,5% (кішігірім және орташа) болса; 2001 жылы - 53% те 47%; 2002 жылы - 51 % те 49 % болған, демек соңғы екі жылда барлық қылмыстылық санында ауыр және аса ауыр қылмыстардың үлес салмағы артқан. Не болмаса 1998 жылы кісі өлтіру қылмысы - 2531 болса, пайдақорлық-зорлықшыл қылмыстар (бандитизм, қорқытып алушылық, тонау, қарақшылық) - 13285, ал Есірткімен байланысты қылмыстар - 18 676 болды, қалған қылмыстар өзге қылмыстар десек, бұл да құрылымы, бірақ одан ешқандай да заңдылық жоқ. Заңдылықты олардың үлес-салмағын анықтағанда болады (1-суретті қараңыз).

Заңдылық, сол сияқты, жалпы қылмыстылықтағы жеке қылмыстардың үлес салмағының өзгеруін (қозғалысын) анықтағанда байқалады. Мысалға, төменде көрсетілген қылмыстардың соңғы бес жылдағы үлес салмағы мен олардың өзгеруін былайша көрсетуге болады (2-суретті қараңыз):

| **Жылдар** | Кісі өлтіру | **Үлес салмағы** | Пайдақорлық-зорлықшыл қылмыстар | **Үлес салмағы** | Әйел жынысты адамды зорлау қылмысы | **Үлес салмағы** | Барлық қылмыс саны |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 99 8 | 53 1 | ,78 % | 1 3285 | ,33 % | 1 190 | ,84 % | 1 42100 |
| 99 9 | 37 4 | ,70 % | 1 3358 | ,57 % | 1 066 | ,76 % | 1 39431 |
| 00 0 | 32 5 | ,54 % | 1 2772 | ,46 % | 1 299 | ,86 % | 1 50790 |
| | | | 1 | | 1 | | 1 |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 00<br>1 | 16<br>0 | ,41<br>% | 0895 | ,47<br>% | 516 | % | 52168 |
| 00<br>2 | 96<br>7 | ,45<br>% | 1<br>1856 | ,76<br>% | 1<br>298 | % | 1<br>35151 |

**Қылмыстылықтың динамикасы -** белгілі бір кезеңдегі қылмыстылықтың деңгейі мен құрылымының өзгеруі, оның қозғалысы. Динамиканы анықтауға байланысты үш түрлі есеп түргізуге болады:

1) ағымдағы талдау - 1 жылға жүргізілетін есеп;

2) жүйелік талдау - жыл сайынғы, бесжылдық сайынға, онжылдық сайынғы қылмыстылықтың қозғалысын анықтау;

3) қылмыстылықтың мерзімдік өзгерістерін талдау.

Осы үш түрлі есеп мынандай үш түрлі әдіспен жүзеге асады: **базистік, жалғаспалы, интервалдарды біріктіру әдісі.**

***Базистік әдістің*** негізгі ерекшелігі басқа барлық жылдардың көрсеткіштері бір жылдың ғана көрсеткішімен салыстырылады және сол салыстырылушы (базис) жылдың көрсеткіші 100 пайыз деп алынады. Сол жылмен салыстыра отырып есеп жасағанда артып кетсе тек қанша процентке артып кеткендігі "+" таңбасы қойыла отырып жазылады, ал керісінше болса "-" таңбасы қойыла отырып жазылады.

**Келесі** *жалғаспалы әдіс* **алдыңғы әдіске ұқсайды, дегенмен, бұл әдісте бір ғана жыл базис деп алынбайды, оның орнына үнемі алдыңғы жыл алынып отырады.**

Мысалға, Қазақстандағы қылмыстылықтың қозғалысын 1990 жылдың көрсеткішімен (базистік әдіс) және алдыңғы жылдарымен (жалғаспалы әдіс) салыстырып шығайық.

| Жылдар | Қылмыс-тылық-тың деңгейі | 1990 жылмен салыстырғанда | Алдыңғы жылдар-мен салыстырғанда |
|---|---|---|---|
| 990 | *148053* | - | - |
| 991 | *173858* | +17,4% | +17,4% |
| 992 | *200873* | +35,6% | +15,5% |
| 993 | *206006* | +39,1% | +2,5% |
| 994 | *201796* | +36,2% | -2% |
| 995 | *183913* | +24,2% | -8,8% |
| 996 | *183977* | +24,2% | +0,03% |
| 997 | *165401* | +11,7% | -10% |
| 998 | *142100* | -4% | -14% |
| 999 | *139431* | -5,8% | -1,87% |
| 000 | *150790* | +1,8% | +8,14% |
| 001 | *152168* | +2,7% | +0,91% |
| 002 | *135151* | -8,7% | -11,18% |
| 003 | 118 485 | -19,9% | -12,3% |

Үшінші ***интервалдарды біріктіру әдісінің*** бар айырмашылығы - бір жылдың ғана емес бес жылдықтардың, онжылдықтардың немесе елу жылдықтардың көрсеткіштері алынып, жоғарыдағы екі әдістің бірін қолдана отырып есеп жүргізіледі. Ол көрсеткіштерді қоса отырып, абсолюттік санын алуға да, не болмаса олардың орташа көрсеткішін де алуға болады. Мысалға, 1960 жылдан бері қарайғы қылмыстылықтың көрсеткіштерінің әрбір он жлдығын алып көрелік (3-суретті қараңыз).

| Онжылдық-тардағы қылмысты-лық | Он жыл бойына жасалған қылмыс-тар саны | Онжылдықтағы орташа көрсеткіш | 60-жылдардағы көрсеткішпен салыстырғанда | Алдыңғы онжылдықпен салыстырғанда | Әр бір 10 000 халыққа шаққандағы коэффициент |
|---|---|---|---|---|---|
| XX ғ. 60-жылдары | 443444 | 44344,4 | - | - | 47,2 |
| XX ғ. 70-жылдары | 554418 | 55441,8 | +25 | +25 | 43,6 |
| XX ғ. 80-жылдары | 978590 | 97859 | +120 | +76 | 62,5 |
| XX ғ. 90-жылдары | 1745408 | 174540,8 | +293 | +78 | 124,2 |

***1-сурет. Қазақстан Республикасындағы қылмыстылықтың соңғы 40 жылдағы динамикасы***




**3. Латенттік қылмыстылық.** Латенттік қылмыстылық ***дегеніміз әр түрлі себептермен құқық қорғау органдарының назарынан тыс қалған қылмыстардың жиынтығы***. Ол латынша latens сөзінен шыққан, ол жасырын дегенді білдіреді. Мысалға теңізде қалқып жүрген мұзарттың (айсберг) су бетінде бізге көрініп жүрген бөлігінен су асты көрінбейтін бөлігі әлдейқайда көлемді болады. Криминология дәл осындай Архимед ашқан физикалық заңдылыққа бағынбаса да қылмыстылық мәселесі туралы осы бір заңдылықты мысал ретінде келтіруге болады. Өйткені қылмыстылықтың көрінетін бөлігінен де жасырын бөлігі (латенттік) көлемді болып келеді.

Мысал үшін неміс ғалымы К.Майердің жүргізген зерттеуі бойынша анасының өз баласын өлтіруі фактісі бойынша оннан бірі ғана құқық қорғау органдарына мәлім болады, ал заңсыз аборт жасау 1/100; қарапайым ұрлық - 1/20; ірі мөлшердегі ұрлық - 1/8; тонау - 1/5; алаяқтық - 1/20 т.б.

***Латенттік қылмыстардың екі түрі*** бар: жасырын (табиғи) және жасырылған (жасанды). Алғашқысы табиғи жолмен әр түрлі себептермен құқық қорғау органдарына хабарланбағандар. Мысалға, есік алдындағы ұрланған нәрсеге ‘’садақа’’ деп ешкімге жүгінбеу. Ал соңғысы құқық қорғау органдарына хабарланғанмен де осы органдардың қызметкерлерінің өз қолымен жасырылған қылмыстар. Оның да себептері әр түрлі болуы мүмкін: өзінің жақсы жұмыс істейтіндігін көрсетіп қылмыстылықтың ашылу көрсеткішін жоғарылату үшін, жеңіл-желпі қылмыстарға бола әуре болмас үшін шағымды тіркемейқою, қызметкерлердің пара алуынан қылмыс туралы із-түзсіз жоқ қылу т.б. Осы соңғысы теңіз бетіне қалқып шыққысы-ақ келеді, бірақ құқық қорғаушылар күштеп төмен басады (4-суретті қараңыз).

Кейбір авторлар үшінші бір латенттік қылмыстылықтың түрін ұсынады - ол дәлелденбей қалуына байланысты қысқартылған істер. Бірақ мұнымен келісе қою қиын. Себебі бұл бәрібір зерттеледі, қылмыстылықтың жалпы картинасын анықтауға сеп болады. Латенттік қылмыстықтың мәнін аша кету керек. Оның мәні құқық қорғау органдарына хабарланбай қалғанында емес. Әңгіме хабарланған күнде де зерттеуден тыс қалғанында. Оның назардан тыс қалуы қылмыстылықтың жалпы картинасын бұрмалайды. Өмірде шын мәнінде 100% қылмысқа біз есеп жасап, сақтануымыз, алдын алуымыз, жоспар құруымыз қажет болса, латенттік қылмыстылықтың кесірінен оның бір бөлшегін ғана (мысалға 40%) зерттеп қорытынды жасаймыз. Ал бөлшек бүтіннің заңдылығын қашанда бере бермейді. Осы жерде латенттік қылмыстылықтың жағымсыз салдарын айта кетейік, ол:

- қылмыстылықтың шын мәніндегі мөлшері, деңгейі, құрылымы, динамикасы, әкелген зияны туралы пікірді бұрмалайды;
- қылмыстылықты болжаудың дұрыстық деңгейін төмендетеді, қылмыстылықпен күресудің бағытын анықтауда қиындық туғызады;
- жасалған қылмыс үшін жауаптылықтың болмай қоймайтындығы туралы принципті жүзеге асыруға кедергі келтіреді;
- құқық қорғау органдарының беделін түсіреді;
- қылмыстылықтың, әсіресе, рецидивтік қылмыстылықтың өсуіне сеп болады;
- азаматтардың қылмыстылықпен күресудегі белсенділігін бәсеңдетеді.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Криминология // Алауханов Е.О. – Алматы, 2010 ж.
2. Профилактика преступлений // Алауханов Е.О., Зарипов С.З. – Ал Нур-пресс, 2017 г.
3. Криминалистика// ТапаловаР.Б., БазиловаА.А., ДаубасоваС.Ш. –Ал Қазақ университеті, 2017 ж.
4. Криминология и предупреждение преступлений // Авдийский В.И. [ под ред. В.И. Айдийского – М:Издательство Юрайт, 2017 г.
5. Криминология/ Кайржанов Е.И.-2012 г.

Интернет-ресурсы:

6. htpp//www.Adilet.zan.kz,
7. http://almaty- otary.kz/vystuplenie--a.-
8. zhanabilovoy---pred.

**4 тақырып. Қылмыскердің жеке тұлғасының ұғымы мен құрылысы**

**Түйінді сөздер:** қылмыскер, қылмыскер тұлғасы, құқық бұзушы, қылмыскер тұлғасының типологиясы.

**Дәрістің мақсаты:** студенттерде қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу мәселелерін анықтау қабілеттігін қалыптастыру болып табылады.

**Жоспары:**

1. Қылмыскер тұлғасының түсінігі мен құрылымы.

2. Қылмыскер тұлғасының типологиясы.

**1.Қылмыскер тұлғасының түсінігі мен құрылымы**. Қылмыскердің тұлғасы дегеніміз - қылмыс жасаған тұлғаны сипаттайтын және оның қылмыстық мінез-құлқына ықпал ететін әлеуметтік-демографиялық, әлеуметтік-психологиялық, адамгершілік, құқықтық қасиеттердің, белгілердің, байланыстардың, қатынастардың жиынтығы. Ол адамның әлеуметтік беті. Осы жерде Қаз дауысты Қазыбек бидің

"Ерден ердің несі артық?
Ептестірген сөзі артық,
Малдан малдың несі артық?
Бір-ақ асым еті артық,
Жерден жердің несі артық?
Бір-ақ уыс шөбі артық",- деген аталы сөзін еске алсақ болады, адамнан адамныңартығы - қасиетінде ғана, олар да өз кезегінде туа бітті немесе әлеуметтік ортадан алған белгісі болуы мүмкін. Айта кетерлігі, қылмыскер тұлғасы мен қылмыс субъектісін шатастырып алмау. Қылмыстың жалпы субъектісі үшін бар болғаны адам болуы, жасы толуы және есі дұрыс болуы деген сияқты үш белгі жеткілікті, ал қылмыскер тұлғасын сипаттау үшін оның бала күнінен бастап бойына сіңірген барлық қасиеттерін адақтап шығу керек. Тіпті, қылмыс субъектісінің тұлғасы десек де қателеспейміз. Біреуді бойы ұзын деп жақсы көрсеңіз - ол биологиялық қасиеті, енді береуді ақылды деп сыйласыңыз - ол психологиялық-интеллектуалдық қасиеті.

Қай ортада сыйлы-сыйсыз болу да адамның белгілеріне, қасиеттеріне байланысты. Бір ортада сұраныс пен қадірлеуге ие белгі келесі ортаға қажеті шамалы. Мысалға, мектепте бақылау жұмысы үстінде ақылды бала сыйлы, өйткені оның есепті тез шығара алатын қасиеті бар, ал жоғары сыныптың балаларымен есеп айырысқанда басбұзар баланың сыйы артады, оған білімнің қажеті жоқ, тек төбелесе білу керек.

Өмірде мынау қылмыскердің тұлғасының қасиеті деп шодырайып шығып тұрған қасиет болмайды, ол қарапайым өмірде нақты адамның белгілі бір қасиеті, тек оны біз сырттай ғана мына қылмыскердің тұлғасын сипаттайтын "бөлен" деген қасиеттері бар деп бағалаймыз.

Осыған орай қылмыскердің тұлғасының құрылымына тоқталу лэзім. Қылмыскердің тұлғасы оның анықтамасымен тығыз байланысты. Құрылымға байланысты мәселе тек тұлғаны сипаттаушы қасиеттерді топтастыруда ғана. Осыған қатысты да әр автор өзінше кесте жасайды. Мысалға, Н.Ф.Кузнецова[1] қылмысертің тұлғасының құрылымын былайша түзеді:

| **Қалай?** | **Кім?** | **Неліктен?** |
|---|---|---|
| **Әлеуметтік рөлдік қасиеттері** | **Әлеуметтік-демографиялық қасиеттері** | **Әлеуметтік-психологиялық қасиеттері** |
| Қылмыскер<br>Құқық бұзушы<br>Еңбеккер<br>Отағасы<br>Белгілі бір топтардың мүшесі | Жынысы<br><br>**Жасы**<br>Білімі<br>Әлеуметтік тапқа жатуы<br>Материалдық жағдайы<br>Азаматтығы<br>Жан саулығы | Құқықтық психология<br>Еңбек психологиясы<br>Тұрмыстық психология<br>Адамдармен қарым-қатынас психологиясы<br>Өзін өзі бағалау |

Яғни, әлеуметтік рөлдік қасиеттері "Қалай қылмыс жасады?"-дегенге жауап берсе, әлеуметтік-демографиялық қасиеттері "Кім қылмыс жасады?"-дегенге, ал әлеуметтік-психологиялық қасиеттері "Неліктен қылмыс жасады?"-деген сұраққа жауап береді.

Қылмыскер тұлғасының құрылымына байланысты өзгеден оқшаулау ойды Б.В.Волженкин білдіреді:

1) қоғам мүшесі ретінде жалпы белгілері;
2) барлық қылмыскерлерге тән, бірақ қарапайым азаматтардан өзгеше белгілері;
3) сол қылмыскерді ғана сипаттайтын жеке-дара белгілері.[2]

Ю.М.Антонян қылмыскер тұлғасын құрайтын қасиет-белгілердің жалпы схемасын былайшы көрсетеді:

| | |
|---|---|
| Мінездік қасиеттер және өзге де психологилық ерекшеліктер | Адамгершілік ерекшеліктері мен бағдарлары, адамгершілік ұстанымдары |
| Кәсібилігі, Іскерлігі, білімі | Өзі туралы ойы, өзіне көзқарасы |
| Қоршаған орта Туралы ойы, оған деген көзқарасы | Жынысының, жасының, денсаулық жағдайының әлеуметтік аспектілері |
| Биологиялық фундамент (іргесі) | |

Ал А.Б.Сахаров пен Ю.Д.Блувштейндікі бірсыдырғы болып келеді. А.Б.Сахаров үшке бөлсе (әлеуметтік-демографиялық; әлеуметтік-психологиялық; әлеуметтік-биологиялық), Ю.Д.Блувштейн тұлғаны құраушы қасиеттерді беске жіктейді: демографиялық; әлеуметтік; құқықтық; психологиялық; биологиялық (медициналық та осыған кіреді).

**2. Қылмыскер тұлғасының типологиясы.** Қылмыскер тұлғасын, жалпы қылмыскерлерді әр түрлі критерийлер бойынша жіктеуге болады.

***а) жүргізілетін статистикалық есеп бойынша олар:***

**1)** *әлеметтік - демографиялық белгілеріне байланысты:* жынысына қарай; жасына қарай; біліміне қарай бөледі.

**2)** *әлеуметтік жағдайы мен айналысатын ісіне қарай:* жұмысшылар, қызметкерлер, оқушылар, жұмыссыздар, зейнеткерлер, жеке кәсіпкерлер т.б.

**3)** *тұрғылықты жері мен тұратын уақытана қарай:* ауыл, қала тұрғыны, босқын, мигрант, переселен т.б.

**4)** *қылмыстық әрекетінің қарқыныдылығы мен сипатына қарай:* қайталанған, рецидив (арнайы, аса қауіпті); топта, ұйымдасқан топта қылмыс жасаушы.

**5)** *қылмыс жасау кезінде қылмыскердің болған жай-күйіне қарай:* мас күйінде, есірткі қабылдап қылмыс жасаушылар деп бөлуге болады.

***ә) тұлғалық-мотивациялық қасиеттеріне қарай:***

1) аса қауіпті қылмыскерлер;

2) зорлықшыл қылмыскерлер;
3) пайдакүнем қылмыскерлер;
4) нәпсіқұмар қылмыскерлер;
5) қоғамдық тәртіпке қарсы қылмыскерлер;
6) абайсызда қылмыс жасаушылар.

***б) Жасаған қылмысының түріне қарай:*** 1) ұрылар; 2) қарақшылар; 3) кісіөлтіргіштер; 4) алаяқтар т.б. деп топтауға болады. Ал олардың өзі де ары қарай бөлшектене алады. Мысалға, ұрылардың өзін де жеке қасиеттері мен "мамандығына" қарай былай деп бөледі:

1. "Медвежатниктер"- сейфті не өзге құлыпты ашып ақша ұрлайтындар;
2. "Қалташылар" - қалтаға, сөмкеге т.б. түсіп мүлік ұрлайтындар;
3. "Үйшілер" - пәтерлерге, үйлерге заңсыз кіре отырып ұрлайтындар;
4. "Дүкеншілер" - дүкендерге түсетіндер;
5. "Айдаушылар" немесе "Қуып кетушілер" - автокөлікті талан-тараждау мақсатында айдап кетумен айналысатындар;
6. "Клюквеншілер" - антиквариат болып табылатын құнды заттарды ұрлаушылар және тағы да басқалар.
7. Осыларға біздің "Барымташыларды" да (мал айдап кетушілер) қосуға болады.

Мал ұрлаудың да "өнері" сан-қилы. Мысалға, сиырды жеңіл автокөлікке мінгізіп те ұрлайтындар бар. Жигулидің ішінде сиыр кетіп бара жатыр деп ешкім де ойламайды. Оны жасау жолы - сиырдың тілінен қысқашпен қысып қайда жетектесе де жүре береді екен. Не болмаса, кез-келген мүйіз зат ыстыққа балқығыш болатыны айқын. Осыны пайдаланып ұрлап әкелген сиырдың мүйіздеріне жаңа піскен ыстық нанды "кигізіп", біраздан соң, мүйіздің өсу бағытын өзгертіп тастай алатындар бар деген сөз бар. Иесі қанша қуып келсе де, сиырының мүйізінің мезетте "прическасы" өзгеріп кете қояды дегенге сенбейді. Осы жерде ұрылардың мықты психолог болатынын да ескерген жөн. Мысалға, бір ұры арбаның бетін жауып алып құрылыс ауласынан шығып бара жатқан жерінен ұсталыпты, жапқышын ашып қараса, ештеңе жоқ. Келесіде де тағы осылай ұсталыпты, ұры екеніні білетін адамдар арбаның бетін ашып көрсе, тағы да ештеңе жоқ. Тағы да бір рет осылай қайталаныпты, сөйтсе, ол арба ұрлап жүр екен. Арбаның бетіп жауып бара жатқан соң, адамның назары арбаға емес, оның ішіндегі затқа ауады. Не болмаса, дәл осындай психологиялық трюк ертеректегі ет комбинаттарынан қой ұрлағанда болған. Мысалға, түнгілік ет комбинатына сойылуға келіп тұрған қойлардың бірінің аяғын байлап, үш аяқты мотоциклдің жапсарындағы арбасына салып, басын ғана шығарады да, қалған бөлшегін орап тастайды. Және жәй ғана басын шығармай, оған каска кигізіп қояды. Ешқандай да МАИ қызметкері қойды каска киіп бара жатыр деп ойламайды және түнгі жарық алдамшы екенін ескеру керек.

Қылмыскердің тұлғасын анықтауда, топтауда ескертуге тұрарлық жәйт, ол - оның ұрлыққа әуестігінен туындаған психологиялық тәуелділігі. Ондай тәуелділікті -клептомания деп атайды, яғн ұрламаса, тұра алмайтын жағдай. Оған ұрлаған заты қажет емес, тек ұрлау процесі ләззәт береді. Ел арасында өмір бойы барымтамен айналысып, қолдан күші кетіп, жүруден қалған ұрының, өзіне қажет емес кемпірінің пышағын, сарайдағы етті "ұрлап" алып кемпірін зар қақсататын шалдар туралы да аңыз іспеттесоқиғалар кездеседі.

"Қалташылар" қылмыс жасау тәсіліне қарай былайша топтастырылады:

а) "технарлар" - арнайы техникалық құралдарды пайдалана отырып, киімді, сөмкелерді, портфельдерді кесу арқылы ұрлық жасайтындар;

ә) "ширмачтар" немесе "қалқаншылар" - әртүрлі заттармен (сөмке, гүл шоғы, киім) қолды көрсетпей қалқалап тұрып ұрлық жасайтындар;

б) "балықшылар" - ұрлықты арнайы дайындалған ілгешектердің көмегімен жасайтындар,

в) "хирургтар" - пинцеттің көмегімен, әсіресе қол жетпейтін қиын жерлерде ұрлық жасайтындар;

г) "шымшуырлар" - арнайы егелген монетаның көмегімен сөмкелерді тіліп ұрлайтындар;

д) "сілкушілер" немесе "сырғытушылар" - мылқаулардың арасында көп тараған бір затты нақты дәл қимылымен итеріп жіберу арқылы ұрлайтындар. Мысалға, кеңестік мемлекетте ет комбинаттарында бақылаушының көзін ала беріп, тез ет кесіп алып, басқа жерде арнайы дайындалып қойған полиэтилен пакетіне не қапшыққа дәл лақтыру жолымен ет ұрлайтындар болған.

ж) "сөмкешілер" - арнайы құралдарсыз-ақ сөмкелерден зат ұрлайтындар.

***в) тұлғаның криминогендік асқыну дәрежесіне қарай:***

1) *"кездейсоқ қылмыскерлер"* - алғаш рет кішігірім ауырлықтағы қылмыс жасағандар;

2) *"ситуативтік қылмыскерлер"* - сыртқы жағымсыз жағдайлардың ықпалымен алғаш рет ауыр қылмыс жасағандар;

3) *"тұрақсыз қылмыскерлер"* - алғаш рет қылмыс, бірақ бұған дейін өзге құқық бұзушылық жасағандар;

4) *"кәнігі қылмыскерлер"* - бұған дейін бірнеше мәрте қылмыс жасап, бұрын сотталғандар;

5) *"аса қауіпті қылмыскерлер"* - бірнеше рет қасақана ауыр қылмыс жасағандар.

***г) тұлғаның әлеуметтік бағытына қарай:***

**1)** *Кәсіпқой тип* - өте қауіпті, қоғамға кері бағытта. Ерекшеліктері: құқықтық нигилизм, мәдениеттің төмендігі, қоғамқа қарсы бағыты және криминогендік ситуацияны өзі жасайтындығы (кәсіпқой қылмыскерлер, аса қауіпті рецидивистер).

**2)** *Әдеттегі тип* - әлеуметтік-психологиялық қасиеттері тұрақсыз және қайшылыққа толы, жақсы мен жаманның, болатын мен болмайтынның арасын толық ажыратпаған, криминогендік ситуацияны өзі жасамайды, тек нақты өмірдегі ситуацияны пайдаланады.

**3)** *Тұрақсыз тип* - негативтік және позитивтік қасиеттері теке-тірес келетін қылмыскер.

**4)** *Салақ тип* - позитивтік бағыты басым, қоғамдық қатынастарды реттейтін нормаларға салақтықпен қарайды. Қауіпті емес қасақана немесе абайсызда қылмыстар жасайды.

**5)** *Кездейсоқ тип* - позитивтік бағытта, негативтігі жоқ, құқықтық санасы тұрақты, тек қана нақты өмірлік ситуацияға байланысты қылмыс жасайды: аффект, қажетті қорғану шегінен асып кісі өлтіру т.б.

***д) қоғамға қауіптілік деңгейіне қарай:***

**1)** *абсолютті қауіпті* - серриялық кісі өлтіруші, соның ішінде, жалданып немесе жыныстық, не бірнеше адамды қатар өлтіруші.

**2)** *аса қауіпті* - конфликтілік жағдайларда кісі өлтіруші, көп уақыт пайдакүнемдікпен қылмыс жасаушы. Бұған қылмыстық ұйымдардың басшылары да кіреді.

**3)** *қауіпті* - жеке адамға не қоғамдық тәртіпті бұза отырып, меншікке қарсы қылмыстар жасаушы, бірақ адам өміріне қарсы қылмыстарды емес.

**4)** *қауіптілігі болымсыз* - басқа қылмыскерлер.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Антонян Ю.М. Изучение личности преступника. М., 1982.
2. Антонян Ю.М. Психологическое отчуждение личности. Ереван, 1987.
3. Антонян Ю.М., Гульдан В.В. Криминальная патопсихология. М. 1991
4. Игошев К.Е. Типология личности преступника и мотивация преступного поведения. Горький, 1974.
5. Личность преступника. М., 1975.
6. Сахаров А.Б. Личность преступника и причины преступности в СССР. М., 1960.
7. Теоретические проблемы личности преступника. М., 1979.
8. Психологическое изучение личности преступника. М. 1979.

**5 тақырып. Қылмыстылықтың алдын алу**

**Түйінді сөздер:** қылмыстылықпен күрес, қылмыстылықтың алдын алу, кәмелеттік органдар, қоғамдық ұйымдар мен бірлестіктер, жеке тұлғалар.

**Дәрістің мақсаты:** Қазіргі таңда біздің және басқа дүниежүзі елдері арасындағы аса маңызды проблемалардың бірі қылмыстылық мәселесі болып табылады. Сондықтан да, қоғамдағы қылмыстылық деңгейінің төмендеуі үшін, қылмыстылықпен күрес жүргізу үшін мемлекет қандай шаралар жүргізіп жатқандығын және жүргізуі керектігін, құқықтық сананы арттыру жолдарын іздестіріп, қылмыстылықтың алдын алу шараларын талдау.

**Жоспары:**

1. Қылмыстылықтың күрес жүргізудің негізгі бағыттары;
2. Қылмыстылықтың алдын алудың түсінігі;
3. Қылмыстылықтың алдын алу шараларының түрлері;
4. Қылмыстылықтың алдын алу субъектілері.

**1. Қылмыстылықпен күрес жүргізудің негізгі бағыттары.** Қылмыстылықпен күрес - қылмыс пен қылмыстылықты туындататын себептер мен жағдайларға, қылмыс жасаған тұлғаларға ықпал ету. А.И.Долгованың пайымдауынша қылмыстылықпен күрес мынандай үш негізгі бағытты құрайды:

1. күрестің жалпы ұйымдастырылуы;
2. қылмыстылықтың алдын алу;
3. құқық қорғау қызметі.

Алғашқы қылмыстылықпен күрестің жалпы ұйымдасытырылуы төмендегідей бағыттарды түзеді:

а) қылмыстылықтың көріністерін тіркеуге, осы көріністерді зерттеуге, олардың себептері мен детерминациясын, бұған дейінгі жүргізілген қылмыстылықпен күрестің нәтижелерін зерттеуге және сәйкес мәліметтерді талдауға байланысты ақпараттық-талдау қызметі;

ә) криминологиялық болжау (криминогендік құбылыстардың болашақтағы жәй-күйі туралы негізді тұжырымдар);

б) қылмыстылықпен күрес жүргізудің стратегиясын, яғни мақсатқа жетудің тәсілін, күрес жүргізу өнерін, анықтау. Оны мемлекет кримогендік жағдайды, мамандардың ұсынысын, криминогендік болжау нәтижелерін салмақтай келе анықтайды.

в) қылмыстылықпен күресті жоспарлау (ұзақ, орташа, қысқа мерзімге);

г) қылмыстылықпен күрестегі заң шығармашылық;

д) қылмыстылықпен күрестің бағдарламасын жүзеге асыру, оларды тиянақтау және осы жолдағы қызметті үйлестіру;

е) қылмыстылықпен күреске байланысты ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру мен дамыту.

Қылмыстылықпен күрестің келесі бағыты, яғни қылмыстылықтың алдын алу қазіргі тақырыптың арқауы болады.

Ал үшінші бағыты (құқық қорғау қызметі) де мыналардан тұрады:

а) "жазалау" қызметі, яғни қылмыстарды ашуға, бұлтартпауға, тергеуге, қылмыс жасаған тұлғаларға қылмыстық жауаптылық шараларын және жаза қолдануға байланысты әрекеттер;

ә) құқық қалпына келтіруші қызмет, қылмыс арқылы бұзылған құқықтар мен заңды мүдделерін қалпына келтіруге байланысты әрекеттер.

**2. Қылмыстылықтың алдын алудың түсінігі**. Қылмыстылықтың салдарымен күресуден гөрі себебімен күресу әлдеқайда тиімді. Қылмыстылықтың алдын алу құлашты кеңге сермейтін ауқымы кең шаралардың кешені. Ол тікелей қылмыстылықты ауыздықтауға бағытталған әрекеттерді де, тіпті, онымен жанама қатысты құбылыстарға да бағыттлаған шараларды қамтиды. Мысалға, осы таяу арада ғана мектеп бағдарламаасына салауатты өмір салтын үйрететін "Валиология" пәні енгізілді, осы пән оны игерген мектеп оқушыларының соз ауруларымен байланысты қылмыстарды жасамауы мен оларды жасаушылармен күресуге жәрдем көрсететіні анық. Не болмаса, бір әкімшілік аумақтық бірліктегі ашылған зауыттан жұмыссыздардың саны азаяды да қылмыстылықтың азаюына да сеп болады, бірақ ол шара қылмыстылық азайсын деп емес, халықтың әл-ауқаты жақсарсын деп жасалады, дегенмен ол да қылмыстылықтың алдын алушы шаралардың қатарына енеді.

Кеңес криминологиясы курсының авторлары кең көлемді анықтама береді:

а) қылмыстылықпен күрес процесінде сендіру мен көндіруді үйлестіретін экономикалық, әлеуметтік, идеологиялық, мәдени-тәрбиелік, құқықтық заңшығарушылық сипаттағы жалпыКәмелеттік шаралар.

ә) Кәмелеттік органдар мен қоғамдық ұйымдардың. қылмыс жасалуының себептері мен жағдайларын анықтауға, оларды жоюға бағытталған шараларды қолдануға, қылмыстарды ашуға, тергеуге және сотта қарауға, қылмыскерлерді жазалауға, оларды түзеу мен қайта тәрбиелеуге, бас бостандығынан айыру мекемелерінен босаған адамдардың мінез-құлқының заңдылығын қадағалауға, сондай-ақ бас бостандығымен байланысты емес жазаларға сотталған тұлғаларды немесе әлі қылмыс жасамаған, бірақ қоғамға қарсы не моральға жат қылық жасап жүрген тұрақсыз тұлғаларды тәрбиелеуге бағытталған қызметі.

в) нақты жағдай қажет еткен басқа да шараларды жүзеге асыру.

Криминологияда, сондай-ақ қылмыстық-құқықтық циклдегі пәндерде қылмыстылықтың алдын алумен қоса, қылмыстың алдын орағыту, бұлтартпау, профилактика терминдері қатар қолданылады. Олардың арақатынасына байланысты авторлардың әр түрлі пікірталастары да жоқ емес.

**3. Қылмыстылықтың алдын алу шараларының түрлері.** Олар кең көлемді болғандықтан да әр түрлі критерий бойынша топтастыруға болады. Ең алдымен тілге оралатыны - ол деңгейіне қарай топтастырылуы.

*а) Деңгейіне қарай:*

1) жалпы әлеуметтік немесе жалпы алдын алу;
2) арнайы алдын алу.

Алғашқысы оның тікелей қылмыстылықтың алдын алу үшін емес, басқа жалпыәлеуметтік мақсаттарда, халықтың әл-ауқатын көтеру үшін жүргізіледі (жұмыссыздықты, кедейшілікті жою, караусыз балалардың санын азайту т.б.).

Ал арнайы алдын алу болса, тікелей қылмыстылықпен күресуге бағытталады.

Жалпы әлеуметтік шаралардың белгілері:

- масштабтылығы;
- кеңқамтылатындығы мен жан жақты сипатқа иелілігі;
- өзара тәуелділігі;
- тоқтаусыздығы;
- түбірлілігі.

Арнайы алдын алу неғұрлым нақты мақсатқа бағытталған, кеңістік пен уақыт бойынша жинақталған.

*ә) қолданылу масштабына қарай:*

1) жалпыКәмелеттік шаралар;
2) ірі-ірі әлеуметтік топтарға қатысты шаралар (нақты ұйымдарда, кәсіпорындарда немесе өзге әлеуметтік институттар мен топтарда жүргізілетін шаралар кешені);
3) жеке-дара шаралар (нақты тұлғалар мен олардың жақын ортасына алдын алу сипатындағы шараларды қолдану).

*б) мазмұнына қарай:*

1) экономикалық;
2) саяси;
3) әлеуметтік;
4) ұйымдастырушылық-басқарушылық;
5) мәдени-тәрбиелік;
6) құқықтық және өзге де.

*в) қолданылу сатысына қарай:*

1) тікелей алдын алу, яғни тұлғаның қалыптасуына ықпал ететін туындауы мүмкін жағымсыз жағдайларды жою, микроортаны сауықтыру т.б.;
2) қылмыс рецидивінің алдын алу, яғни бұған дейін қылмыс жасап, қылмыстық жауаптылыққа тартылған тұлғаларға ықпал ету.

*г) сатысына қарай (практиткалық көзқарас бойынша):*

1) профилактика, әлі қылмыс жасалу қаупі жоқ сәтінде шаралар қолдану. ‘’Тұлғаның қылмыс жасау мүмкіндігін жою’’ деп келетін Г.А.Аванесовтың анықтамасымен келісуге болады;
2) қылмыстың алдын орағыту, яғни дайындалып жатқан немесе жоспары жасалып жатқан қылмыстың ары қарай дамуына кедергі жасау;
3) бұлтартпау, яғни басталып кеткен қылмысты аяғына шейін жеткізбеу.

Жалпы профилактика - қылмыстылықтың алдын орғыту мақсатында жасалған әлеуметтік өмірдің әр түрлі саласындағы қылмыстылықтың себептерін, жағдайларын және

өзге де детерминанттарын анықтауға бағытталған, оларды жою (бейтараптандыру, тосқауылдау) үшін шараларды өңдеу мен қолдануға бағытталған қызмет.

Жеке-дара профилактика -олардың мінез-құлқына барлау жасай отырып қылмыстың ажсалуын күтуге болатын тұлғаларды анықтауға, оларға және олардың қоршаған ортасына қылмыстылықтың алдын орағыту мақсатында ықпал ету.

Виктимологиялық профилактика - қылмыс жасауға сеп болатын виктимдік мінез-құлықты қалыптастыратын факторларды, мән-жайларды, ситуацияларды анықтауға, жоюға немесе бейтараптандыруға, жоғары деңгейдегі виктимділігі бар тұлғаларды анықтауға және олардың қорғану қасиетін арттыру мақсатында ықпал етуге, сондай-ақ қылмыстан және одан кейінгі виктимизациядан қорғану амалдарын өңдеу мен бұған дейін жасалған құралдарды жетілдіруге бағытталған әлеуметтік институттардың ерекше қызметі.

*д) түбірлілік деңгейіне қарай:*

1) криминогендік құбылыстар мен жағдайлардың туу мүмкіндігінен сақтандыратын (мысалға, жұмыссыздықтың болып қалу мүмкіндігінен сақтандыру: зауыт-фабриканың, кәсіпорынның құрылымдық бөлімшелерін, филиалдарын ашу, күшейту);

2) оларды бейтараптандыратын, тосқауыл қоятын, минималдандыратын (мысалға, өмірде орын алып отырған жұмыссыздықтың қылмыстылықтың өсуіне ықпал етпеуін қамтамасыз ету: оларды өзге қоғамдық пайдалы жұмыстарға тарту);

3) оларды толығымен жоятын (мысалға, жұмыссыздықты сол аумақта толығымен жою: жабылып қалған жұмыс орнын қайта ашу).

**4. Қылмыстылықтың алдын алу субъектілері**. Жалпы әлеуметтік алдын алуды барлық қоғам болып, мемлекет болып жүзеге асыруға болады. Ал арнайы алдын алуды да арнайыландырылған немесе арнайы маманданбаған органдар мен ұйымдар жүзеге асыра алады. Арнайыланбаған субъектілер дегеніміз - өзге міндеттерді жүзеге асыру үшін құрылған, бірақ қоғамдағы келеңсіз құбылыстармен, қылмысты қоса алғанда, күресуге қабілетті органдар мен институттар. Ал арнайыландырылған субъектілер - олар бірден бір немесе негізгі міндеттернің бірі қылмыстылықпен күресу табылатын субъектілер. Алдын алу субъектісіне қатысты да мынандай көзқарастар бар: а) тек қана мемлекет пен қоғамдық ұйымдар (А.А.Герцензон, Н.Р.Миронов); ә) тек қана мемлекет; б) тек қана жеке тұлғалар (А.Э.Жалинский). Бұрынғы қылмыстық заңға қарағанда жаңа Қылмыстық кодекс (1997ж.) әрекеттің қылмыстылығы мен қоғамға қауіптілігін жоютын мән-жайлардың қатарын толықтырды. Бұрнағы жылдары тек қана қажетті қорғану мен мәжбүрлі қажеттілік болса, қазір олармен қоса, орынды тәуекел, бұйрықты немесе өкімді орындау, күштеп немесе психикалық мәжбүрлеу және қол сұғушылық жасаған тұлғаны ұстау кезінде зиян келтіру мен жедел-іздестіру қызметін жүзеге асыру қосылды (2002ж.). Соңғы екеуі қылмыстылықпен күрестегі азаматтардың рөліне де арқа сүйейді. Аталған институаарға сәйкес қылмыс жасаған тұлғаларды зиян келтіре отырып ұстауға арнайы Кәмелеттік органдардың ғана емес, қарапайым аматтардың да құқығы бар не болмаса, жедел-іздестіру қызметін жүзеге асыру кезінде құқық қорғау органдарының арнайы тапсырмасымен азаматтар де осы іске тартылуы мүмкін. Яғни қылмыстық заң азаматтардың қылмыстылықпен күрестегі, соның ішінде қажет кезінде зиян келтіре отырып күресудің құқықтық негізін жасады. Осы сияқты зиян келтірмей-ақ қылмысылықпен күресуге ықпал ету жолдарын ашатын марапаттаушы нормалар әуелден-ақ бар болатын (қару-жарақ, есірткізаттарды өз еркімен тапсырғанда, ұрланған адамды өз еркімен босатқанда қылмыстық жауаптылыққа тартпау туралы т.б.).

Демек, қылмыстылықтың алдын алу субъектілерін де былайша топтастыруға болады:

1) Кәмелеттік органдар;

2) қоғамдық ұйымдар мен бірлестіктер;

3) жеке тұлғалар.

Кәмелеттік органдардың арнайы қылмыстылықпен күресуге маманданбағандарына Қазақстан Республикасының Президенті, заң шығарушылық және атқарушы билік органдары жатады. Олар күрестің заңдық базасын жасап, арнайы күрес субъектілеріне құзырет береді, құқытары мен міндеттерін бекітеді, қаржыландарады және олардың қызметін бақылайды.

Немесе одан басқа да арнайланбаған, бірақ қылмыстылықпен күресте үлес қосатын органдар бар: мысалға балар үйлері, облыстық, аудандық мәслихаттар, әкімдер,

Арнайланған Кәмелеттік органдар қылмыстылықпен немесе онымен тығыз байланысты құбылыстармен нақты күреседі. Олар:

- Ішкі істер минитстрлігі және оның облыстық, аудандық бөлімшелері мен арнайланған бөлімшелері (жол полициясы, жылжымалы полиция бекеттері, төлқұжаттық--визилық қызмет т.б.);
- Соттар;
- Ұлттық хауіпсіздік органдары;
- Қаржы полициясы органдары;
- Шекаралық қызмет органдары (шекара тәртібін бұзумен байланысты қылмыстар);
- Әділет органдары т.б.

Қоғамдық ұйымдар мен бірлестіктер де өз кезегінде арнайланған немесе арнайыланбаған бола алады. Олардың арнай маманданғандары: Адвокатура, қоғамдық тәртіпті қорғаудың қоғамдық бекеттері, халық дружиналары, прокурарлардың, тергеушілердің қоғамдық көмекшілері т.б.

Арнайланбағандары: саяси партиялар, қозғалыстар, діни бірлестіктер; ауылдық ақсақалдар кеңесі, билер кеңесі, көшелік, квартлдық, үй комитеттері, мектептердегі ата-аналар кеңесі, қайрымдылық қорлары, медициналық-психологилық орталықтар т.б.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Аванасев Г.А. Криминология и социальная профилактика. М., 2009.
2. Блувштейн Ю.Д. Зырин М.И., Романов В.В. Профилактика преступлений. Минск, 2011.
3. Бородин С.В. Борьба с преступностью: теоретическая модель комплексной программы. М., 1990.
4. Жалинский А.Э. Специальное предупреждение преступлений в СНГ. Львов, 2012.
5. Каиржанов Е.М. Понятие, структура и виды профилактики. Караганда,2012.
6. Теоретические основы профилактики преступлений. М., 2009.

**6 тақырып. Қылмыстылықтың виктимологиялық аспектілері**

**Түйінді сөздер:** виктимология, виктимділік, индивидуалдық виктимділік, виктимизация

**Дәрістің мақсаты:** студенттерде қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу мәселелерін анықтау қабілеттігін қалыптастыру болып табылады.

**Жоспары:**

1. Виктимологияның түсінігі;
2. Виктимологияның пәні;
3. Виктимділіктің түсінігі мен түрлері;
4. Жәбірленушілерді топтау;
5. Виктимизация.

1. **Виктимологияның түсінігі.** Атам заманнан ғылым пайда болғаннан бастап онда екі түрлі процесс жүріп жатыр. Бірі - диференцияция (бөліну) және интеграция (бірігу). Әуелгіде мифологиядан соң тек философия ғана ғылым болып қалыптасты. Ол әрі дами келе диференцияцияға ұшырады, яғни екі негізі бағытқа (жаратылыстану және қоғамтану) ажырады. Жаратылыстану - астрономия, физика, химия, биология, ботаника т.б. деп бөлінсе, қоғамтану - тарих, социология, құқық, филология т.б. деп бөлшектенді. Тіпті олардың әрқайсысынан да жаңа ғылым салалары бөлініп шықты. Мысалға, құқықтың өзі де конституциялық, азаматтық, қылмыстық, әкімшілік т.б. деп бөлінсе, азаматтық құқықтың өзінен де кәсіпкерлік, міндеттемелік т.б. деп, экологиялық - жер, су, атмосфералық құқық деп бөлшектеніп кетті.

Бұл дифиренцияция құбылысы бөліну қызық болғандығы үшін жүрмейді, оның зерттеу пәні мен зерттеу әдісі ажырай бастағанда, неғұрлым нақтылана бастағанда және оған идеялардың, білімдердің, көзқарастардың қоржыны жеткілікті болғанда жүзеге асады.

2. **Виктимология пәні.** Ол - виктимология. Виктимология латынша **victima** (құрбан) және грекше - **logos** (ілім) деген екі сөзден тұрады, яғни құрбан туралы ілім дегенге келеді. Бірақ осы ілімнің табиғаты туралы ғылымда пікіралуандығы да жоқ емес. Бұл туралы үш түрлі көзқарас бар:

1) Виктимологияны криминологияның саласы деп есептейтіндер;
2) Виктимологияны криминологиямен қатар өмір сүретін салааралық ғылым деп санайтындар;
3) Виктимологияны жалпы барлық құбылыстардың құрбандары туралы ғылым деп санайтындар.

Осы көзқарастардың қай қайсысы болса да заңды және өмір сүруге құқығы бар. Мысалға, оны криминологияның ғана саласы деп есептейтін алғашқы пікірдің қалыптасуы виктимологияның дәл қазір тек қана криминологияның құрылымында (және өзге ешқандай да ғылымға қатысы жоқ) тұруымен түсінідіріледі. Әлбетте, тақыр жерден ғылым пайда болмайды, ол өзге ілімнің қоластынан белгілі бір қажеттіліктер туындағанда бүр жарып шығады. Сол сияқты виктимология саласының пайда болуы да қылмыстылықтың себебін анықтау мен оның алдын алу үшін тек қылмыскерлерді емес, оның құрбандарын, яғни жәбірленушілерді де зерттеу қажеттілігінен туындаған. Оның негізін қалаушы неміс ғалымы Ганс фон Хенттинг (1948 жылы ‘’Қылмыскер және оның құрбандары‘‘ деген еңбек жариялаған). Осыған қарағанда виктимология ілімінің мамандары криминолог ғалымдардың ішінен шығатындығы да заңды да. Бірақ бұл уақытша құбылыс, ғылым бір орында тұрмай оның жинақтаған көзқарастары мен идеялары қордаланып тек қана қылмыс құрбандарымен ғана шектелмей өзге де құбылыстардың құрбандары туралы да жүйелі білімжинақталып, күндердің бір күнінде виктимологияның криминологиядан бөлініп шығу қажеттігі де туындайды. Осы кезде жоғарыда айтқан үшінші көзқарас та екінші көзқарас та жүзеге асады. Бірақ осыған бола дәл қазір осы үш пікірді текетірестіріп, қызылкеңірдек болудың қажеті жоқ. Ғылым аспаннан түспейді, алдымен оның алғышарты пайда болады, содан соң ол әлі нақты кесіп айтар ережесі жоқ болжал күйіндегі теорияға айналады, содан соң ілімге, содан

соң нақты бұлтартпас ережелері бар ғылым саласына айналады. Виктимология да осы жолдан заңды түрде жүріп келе жатыр. Түптің түбінде, өз алдына

бөлек ғылым болатыны аян. Сол кездерде виктимология кем дегенде мынандай салалардан тұруы әбден ықтимал:

- криминалдық виктимология немесе криминологиядағы виктимология (қылмыс құрбандарын зерттейтін сала);
- травмалдық виктимология - криминалдық емес травмотизмді зерттейтін сала;
- психиатриялық виктимология - психикалық ауытқығандарды олардың өздері қосқан үлесті ескере отырып, зерттейтін сала;
- катастрофалардың, экологиялық және табиғи апаттардың виктимологиясы;
- техникалық қауіпсіздік виктимологиясы (еңбек қауіпсіздігін, өрт қауіпсіздігін т.б. бұзумен байланысты виктимдік мінез-құлықты зерттейтін сала);
- саяси жүйе виктимологиясы. Саяси жүйе құрбандарын зерттейді.
- құрбандардың қауіпсіздігін қамтамасыз етудің бағдарламалары мен шаралары, виктимологиялық профилактиканың жүйесін ұйымдастыру.

АҚШ-тың зорлықшыл қылмыстардың себептері мен олардың алдын алу жөніндегі Ұлттық комиссияның мәлімдеуінше тек әйел жынысты адамды зорлау қылмыстарының 4%-нде ғана жәбірленуші өзі қылмысқа үлес қосқан. Вайстың айтуы бойынша және осы нәтиженің неміс полиция органдарында бірнеше мәрте расталғанындай зорлау қылмысы бойынша 35-56%-нде қылмыскер мен жәбірленуші қандай да бір қатынаста болған.[5] Және неғұрлым қылмыскер мен жәбірленушінің таныстық дәрежесі көтерілген сайын қылмыс туралы жәбірленушінің полицияға хабарлауға деген дайындық дәрежесі төмендейді. Осы нәтижелерді кейде криминология, соның ішінде виктимологиялық профилактика ғана емес, криминалистика да қолдана алады. Мысалға, кісі өлтірушіні бірінші кезекте таныстардан іздесе, тонау мен қарақшылық жасаушыны кездейсоқ адамдардың қатарынан да іздестіре алады.

Криминологияның саласы ретіндегі виктимология төмендегідей құбылыстарды зерттейді:

- қылмыс құрбандарының моральдық-психологиялық және әлеуметтік сипаттамалары (қандай қасиеттеріне қарай адам жәбірленушіге айналды?)
- қылмыскер мен жәбірленушіні байланыстыратын қатынас (бұл қатынастар қылмыстың жағдайын туғызуға қаншалықты әсер етті?)
- қылмыстың алдындағы және қылмыс үстіндегі ситуация (жәбірленушінің әрекеті не әрекетсіздігі қылмысқа қаншалықты ықпал етеді?)
- құрбанның посткриминалдық мінез-құлқы (құқық қорғау органдарына жүгінді ме, әлде ақиқатты орнықтыруға кедергі келтірді ме?)
- профилактикалық сипаттағы шаралар (жәбірленушілердің қорғану мүмкіндіктері қандай?)
- қылмыс арқылы келтірілген зардаптың орнын толтыру жолдары.

Кей уақыттарда виктимологияның пәнін қысқаша қылмыс жәбірленушілерінің тұлғасы мен мінез-құлқы деп те айта салуға болады.

**3. Виктимділіктің түсінігі мен түрлері.** Криминологияда **victima** (құрбан) түбірінен тұратын үш түрлі ұғым қолданылады. Олар - виктимология, виктимизация және

---

виктимділік. Оның виктимологиясы құрбан туралы ілім екенін айттық, ал виктимизация болса, адамның қылмыс құрбанына айналу процесін білдіреді.

**Виктимділік** - өзіне тән қаситтерге не атқаратын қызметіне байланысты тұлғаның қылмыс жәбірленушісіне айналып кету бейімділігі. Ол бейімділік оның өз мінез-құлқына да тәуелді бола алады немесе оған тәуелсіз объективті де өмір сүре алады.

***Индивидуалдық виктимділік*** - белгілі бір тіршілік жағдайына байланысты (ситуацияға) қылмыс жасау үшін жағдай жасауға жәрдемдесетін жеке индивидтің әлеуметтік, биофизикалық, психологиялық сипаттағы қасиеттері.

*Түрлік виктимділік* - **бірқатар мән-жайларға орай кейбір жеке адамдардың белгілі бір қылмыс түрлерінің құрбаны болуға бейімділігі (тонау, зорлау).**

*Топтық виктимділік* - **демографиялық, психологиялық, биофизикалық және басқа да қасиеттері ұқсас адамдардың қылмыс құрбаны болуға бейімділігі (инкассаторлар, күзетшілер, таксистер).**

*Жаппай виктимділік* - **адамдардың белгілі бір бөлігінің субъективтік қасиеттеріне қарай қылмыстан тәни, моральдық, материалдық зардап шегуінің объективтік мүмкіндігі.**

**3. Жәбірленушіні топтау.** Біз жоғарыда қылмыскер тұлғасына сай келетін белгілеріне орай оларды топтастырдық. Жәбірленушілерді де қылмыскер тұлғасы сияқты жас мөлшеріне қарай, рөлдің статусына қарай, қылмыскермен қатынасына қарай, адамгершілік- психологиялық белгілеріне қарай, олардың "кінәсінің" деңгейіне қарай, олардың мінез- құлқының сипатына қарай топтастыруға болады.[6] Соның бірі жәбірленушілерді оларға тән белгілеріне қарап топтастыру.

1) *универсалдық тип* - бұлар барлық қылмыстың әртүрлі жағдайларда жәбірленушісі бола алады.

2) *таңдаулы тип* - тек белгілі бір қылмыстардың құрбаны бола алады. Тұрмыстық агрессивтілігі - денсаулығына қарсы қылмысқа, кәсіпкерлік қызметі - оған қарсы мүліктік қылмысқа сеп болады т.б.

3) *ситуациялық тип* - олардың виктимдігі орташа, ситуацияға байланысты қылмысқа сеп болады.

4) *кездейсоқ тип* - жол-көлік оқиғасының т.б. құрбаны болу мүмкін.

5) *кәсіби тип* - оның құрбан болуы кәсібіне байланысты.

Тағы да бір критерийдің түрі ол - жәбірленушінің мінез-құлқының сипатына қарай:

1) белсенді жәбірленушілер - қылмыскерді өздері қоздырмағанмен, оған көмектесуші: саналы қоздырушылар, абайсыз қоздырушылар т.б.

2) бастамашы жәбірленушілер - жалпы мінез-құлқы жағымды сипатта болғанмен, осы әрекеті өзіне зиян келтіруге әкеп соғады: лауазымына қарай, қоғамдағы жағдайына қарай, жеке қасиеттеріне қарай бастамашы болып табылатындар.

3) Бәсең жәбірленушілер - әр түрлі себептермен қылмыскерге қарсылық көрсетпейтін құрбандар: қарсылық көрсетуге объективтік қабілетсіз, қарсылық көрсетуге объективтік қабілетті.

4) Бейтарап жәбірленушілер - қай жағынан келсең де мінез-құлқы мінсіз жәбірленушілер: ешқандай да жағымсыз кейіпте болмаған және жәбірленуші ситуацияны сыни бағамдай алған.

---

Бағамдай алмайтын жәбірленушілер - өмір жағдайын дұрыс, сыни көзбен бағалай алмайтындар: білім деңгейі төмен, ақылы кем, кәмелетке толмаған, қариялар, сырқат құрбандар. Сол сияқты осы топқа ешқандай жастығы, ауытқушылығы және сырқаты болмаса да бағамдай алмайтындар бар. Мысалға, кешқұрым троллейбуста отырған студент қыздар өздеріне қарағыштай берген жігіттерді ‘’танысқылары кеп отыр’’ деп топшалайды. Осылайша, бұлар көліктен түсіп жатақханаларына қарай кетіп бара жатып, жаңағы жігіттердің де түсіп қалғанын аңғарады. Танысқысы кеп отыр деген ‘’күдіктері’’ ақталған олар енді жаңағы еріп келе жатқан жігіттер тезірек жетіп алу үшін баяу жүре бастайды. Ал ‘’танысқыш’’ жігіттеріміз жақындай бере қыздардың құндыз бөркін ала қашады (тонау). Ситуация

шынымен де қауіпті болса, оны дәл сол күйінде емес, мүлде өңі айналған күйде бағалайтын құрбандар бұлар.

**4. Виктимизация** туралы неміс ғалымдары оны бірнеше деңгейге бөледі. *Бірінші деңгейдегі виктимизация* - ол жәбірленушінің қылмыстан тікелей шеккен материалдық, тәни, моральдық, психикалық зардаптары. Ал *екінші деңгейдегі* болса, ол - қылмыстан жанама келетін зиян түрлері, атап айтқанда, жәбірленушіге қылмыс жасаудан кейінгі қоршаған ортасының, құқық қорғау органдарының, дәрігерлердің көзқарасының өзгеруі жатады. Осы неміс ғалымдары *үшінші дәрежедегі виктимизацияның* әлі де зерттелмегенін айта келе, оны (Баурман) жәбірленушіні өз мақсаттарында қолдана отырып оларға келген зиянды есепке алмастан зерттеушілер мен лауазымды тұлғалардың өзіне жүктелген міндеттерін асыра пайдалану процесі деп түсінеді (карьера, сол уақыттағы қылмыстық саясат). *Төртінші дәрежедегі виктимизация* - құқық қорғау органдары мен өзге тұлғалардың тарапынан саналы түрде жабылған жаласынан жәбірленушілерге зиян келтіру процесі (мысалға, зорланған адамды олардың таққан айыбы жалған деп бетке шіркеу ету, зорлық жасаған күйеуін қылмыстық жауаптылыққа тартпай жәбірленушіні бұзылуына ықпал етеді).

Виктимизация процесі кезіндегі де қылмыстық болашақ жәбірленушілерінің мінез-құлқын да топтастыруға болады. Оларды қылмысқа дейінгі, қылмыс үстіндегі және қылмыстан кейінгі деп жіктеуге болады.

Жәбірленушінің ***қылмысқа дейінгі*** мінез-құлқын үш топқа бөлуге болады:

а) қоздырушы - тұлға өз әрекеті арқылы криминогендік ситуацияны жасайды (мысалға, ‘’еркек емессің деп’’ қайрау).

ә) белсенді - өзі криминогендік жағдайды туғызбайды, бірақ оның туындауына елеулі түрде ықпал етеді (жоғарыдағы троллейбустағы қыздарды еске түсіріңіз).

б) бәсең (пассивті) - жәбірленушінің мінез-құлқы мен қылмыскердің оны таңдауында ешқандай байланыс болмайды.

Жәбірленушіні***ң қылмыс үстіндегі*** мінез-құлқы да үшке бөлінеді:

а) қылмыстық ниетті жүзеге асыруға жәрдемдесетін;

ә) қылмыстық ниетпен байланысы жоқ ‘’бейтарап’’ мінез-құлық;

б) қылмыстық ниетті жүзеге асыру кезінде қандай да бір дәрежеде қарсылық көрсететін мінез-құлық.

Кейбер зерттеулерге қарағанда жәбірленушілер 26,5%-нде қарсылық көрсетсе, 29,4%-нде бейтарап мінез-құлық танытқан, 33,4%-нде қылмысқа қолайлы жағдай туғызған, ал 10,7%-нде қылмыс жасауды өздері қоздырған.

Әйел жынысты адамды зорлау қылмысындағы жәбірленушілер мінез-құлқынның жөні бөлек. 38,6%-нде жәбірленушілер алкогольдік мас күйінде болған, олардың ішіндегі 92,8%-і болашақ қылмыскермен бірге ішкен.[7] Олардың мінез-құлқында маңызды болып адамдармен танысудағы кездейсоқтық, сақ болмау, жеңіл мінез табылады. Зорлау қылмыстарының 13%-нде қылмыскерге жәбірленушінің тиісуі, алдын ала уәде беру сияқты итермелейтін жағдайлар болған.

Мысалға, **пайдақорлық зорлықшыл қылмыстардан** зардап шегушілердің виктимдік мінез-құлқы әр қилы болуы мүмкін.

**Жәбірленушінің бейтарап мінез-құлқы** - бұл жәбірленушінің виктимологиялық қауіпті жағдайдың тууына қалай да болса әсер етпейтін, сондай-ақ қарсылық көрсетпеумен байланысты емес мінез-құлық түрі.

**Жәбірленушінің жағымды мінез-құлқы** - бұл жәбірленушінің виктимологиялық қауіпті жағдайдың тууына себепкер болмайтын, жағдай туғызбайтын, сондай-ақ жағдайға қарай абай, мұқият болуы және қылмыскер(лер)ге қарсылық көрсететін мінез-құлқы.

**Жәбірленушінің жағымсыз мінез-құлқы -** бұл жәбірленушінің виктимологиялық қауіпті жағдайдың тууына себепкер болатын әрекеті не әрекетсіздігі:

- адам мас күйінде адамсыз жерлерде ұйықтап қалып, тонау мен қарақшылықтың жәбірленушісіне айналатын жағдай; ол күйінде, әлбетте, қылмыскерлерге қарсылық көрсете алмайды;
- адам мас күйінде қылмыскердің оңаша жерге шығу туралы ұсынысына келісіп, діттеген жердегі кінәлінің сыбайластарына ұрынатын жағдай; көп адамға қарсылық көрсете

алмайды;

- адам өзіне жаңа таныстарды белсенді түрде іздеп, оларды өз үйіне шақырып, спирт ішімдіктерін ішіп, қылмыс жәбірленушісіне айналады; әрине, мас күйінде қарсылық көрсете алмайды;
- адам есік қағып тұрған адамның кім екендігін анықтамай немесе оның айтқан өтірігіне иланып, есік ашып, сол жерде шабуылға ұшырайтын жағдай;
- **қылмыскерге сенгендігінен қаражат туралы ақпараттарды айтып немесе ақша тұрған жерлерді көрсететін жағдай;**
- **адам өзін бай етіп көрсетіп, бай адам есебінде әсер қалдырып, қылмыскерлердің назарын аударып алатын жағдай;**
- **адам қарақшыға не тонаушыға қарсылық көрсете алатын мүмкіндігі бола тұра қорқақтық танытып, қылмыскерлерге орай туғызатын жағдай.**

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**


1. Антонов Г.В., Романовский А.А. Мотов А.А. «Виктимность и нравственность» //Вопросы борьбы с преступностьюң, вып. 33. 2012, с. 40-46.
2. Александров Ю.В. Половые преступления: преступники и потерпевшие. Киев, 2011.
3. Минская В.С., Чечель Г.И. Виктимологические факторы и механизм преступного поведения. Иркутск 2012 г.
4. Полубинский В.И. Виктимологические аспекты профилактики преступлений. М., 2012.
5. Франк Л.В. Потерпевшие от преступлений и проблемы советской криминологии. Душанбе, 2012.
6. Рыбальская В.Я. Виктимологические исследования в системе криминологической разработки проблем профилактики преступлений несовершеннолетних «Вопросы борьбы с преступностьюң. Вып. 33, 2012, с. 32-39.
7. Ривман Д.В. Криминальная виктимология. СПб., 2012.


**7- тақырып. Пайдақорлық қылмыстылығының криминологиялық сипаттамасы**

**Түйінді сөздер:** меншік, меншікке қарсы қылмыстар, жауаптылық.

**Дәрістің мақсаты:** студенттерде қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу мәселелерін анықтау қабілеттігін қалыптастыру болып табылады.

**Жоспары:**

1.Меншікке қарсы қылмыстардың жалпы сипаттамасы және түрлері.

2.Бөтеннің мүлкін талан-таражға салудың ұғымы жєне белгілері.

3.Талан-тараждаудың түрлері жєне тәсілдері.

4. Меншікке қарсы талан –тараждау белгісі жоқ қылмыстар.

---

Меншікке қарсы пайдакүнемдік емес қылмыстар.

1.Адамның құқықтары мен бостандықтары жүйесінде меншікке құқықтың алатын орны ерекше, себебі ол адамның жеке басының сәттілігін сипаттайтын көрсеткіш. Бұл қылмыстар экономикалық қатынастарды реттейді, сондықтан да олардың атқаратын міндеті көп.

Әлеуметтік құндылықтар жүйесінде меншікке құқық адамның әлеуметтік игіліктерінің ішіндегі ең маңыздысы ретінде саналады. Сондықтан да, бұл игілікке қол сұғушылық адамның өз басына қол сұғушылықпен пара-пар (кең мағынада алғанда). Меншікті қылмыстық қол сұғушылықтан қорғау Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің негізінде міндеттерінің бірі болып табы-лады (ҚР ҚК-нің 2-бабы).

Меншікке қарсы қылмыстарды кейде мүліктік қылмыстар деп те атайды. 1922 және 1926-жылдардағы қылмыстық кодекстердің тиісті тарауларының тақырыптары солай деп аталған. Бұл екі түсінік бердей, себебі меншікке қарсы жасалған қылмыстардың көпшілігінің

заты мүлік болып табылады.

Бөтен мүлікті ұрлаудың мәнін түсіну үшін қылмыстың объектісін дұрыс анықтаудың маңызы зор. Бұл мәселенің шешімі қылмыстық құқық теориясында жан-жақты қарастырылған қылмыс объектісі жайындағы жалпы ережеге негізделуі тиіс.

Қол сұғу объектісін дұрыс анықтау қылмыстардың осы тобының мәнін ашуға, олардың қоғамға қауіптілік сипатын көрсетуге мүмкіндік береді және, ең бастысы, қылмыстарды дұрыс саралауға бағыт береді. Меншікке қарсы қылмыстардың тектік объектісі меншіктер қатынасы, яғни жеке немесе ұжымдық тұтынуға, не өндірістік қызметті жүзеге асыруға арналған материалдық игілікті бөлу саласындағы қоғамдық қатынастар болып табылады.

Жоғарыда баяндалғандарды қорыта келгенде, меншікке қарсы қылмыстардың тектік объектісін - меншік деп қарастыруға болады. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес меншікке құқық дегеніміз - субъектінің өзіне тиесілі мүлікті иемденуге, пайдалануға, оған билік жасауға құқығын заң актілерінің мойындауы және қорғауы. Меншік иесінде өз мүлкін иелену, пайдалану және оған билік жасау құқығы болады. Меншікке қарсы қылмыстар туралы заңдағы заң нормаларымен қорғалатын тікелей объект ретіндегі меншіктер қатынасының мәнін осы құқықтар құрайды.

2. Иелену құқығы дегеніміз - мүлікті іс жүзінде иеле-нуді заңмен қамтамасыз етілген мүмкіндік арқылы жүзеге асыру.

Пайдалану құқығы дегеніміз - мүліктен оның пай-далы табиғи қасиеттерін алу және одан пайда көру мүмкіндіктерін заңмен қамтамасыз ету. Пайда - кіріс, өсім түрінде, жеміс - өнім сипатында болуы мүмкін.

Билік ету құқығы дегеніміз - мүліктің заң жүзіндегі тағдырын біреудің Заңмен қамтамасыз етуі. (ҚР АК-нің 188-бабының 2-бөлігі).

Меншік иесі өзіне тиесілі мүлікке қатысты өз қалауы бойынша кез келген әрекеттер жасауға, соның ішінде, бұл мүлікті басқа адамдардың меншігіне беріп, иелігі-нен шығаруға, өзі меншік иесі болып қала отырып, оларға мүлікті иелену, пайдалану және оған билік ету жөніндегі өз өкілеттігін тапсыруға, мүмкіндікті кепілге беруге және оған басқа да әдістермен ауыртпалық түсіруге, оларға өзгеше түрде билік етуге құқылы (ҚР АК-нің 188- бабының 3-бөлігі). Меншікке қарсы жасалған әрбір ұрлық және басқа да қылмыс қоғамға қауіпті, себебі ол көрсетілген қатынастарды бұзады.

Қазақстан Республикасында меншіктің жеке және Кәмелеттік түрлері мойындалған. Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлімінің ”Меншікке қарсы қылмыстар” тарауында бекітілген баптардың диспозицияларының мазмұны бұл қарастырылып отырған қылмыстардың тікелей объектісі бөтеннің меншігі екендігін көрсетеді.

Кейбір қылмыстарда (ұрлық, тонау, алаяқтық, т.б.) тікелей объектілер тектік объектілерге сәйкес келеді. Заң әдебиеттерінде тікелей объектілер ретінде меншіктің нақты формасын, оның Кәмелеттік , кооперативтік, жеке меншік, муниципалдық не жекелеген ұйымдардың меншігі болып табылуына байланысты қарастыру керек деген пікір айтылған. Мұндай ұсыныспен келісуге болмайды, себебі Қазақстан Республикасының Конституциясы меншіктің кез келген формасын бірдей қарауды жариялап отыр. Сондықтан да, ұрлықты, бөтен мүлікті иемденуді, тағы басқадай әрекеттерді саралау үшін ұрланған мүліктің қандай формадағы меншік екендігінің маңызы жоқ.

Объективтік жағынан алғанда меншікке қарсы қылмысты заң шығарушы қылмыстың материалдық құрамы бойынша қарастырған. Сондықтан да, олардың объективтік жағы үш міндетті нышаннан тұрады: іс-әрекет, зардап және іс-әрекет пен зардап арасындағы себептік - зардаптық байланыс. Тек қарақшылық пен қорқытып алушылық қана формальды қылмыстар болып табылады, себебі бұлардың міндетті нышаны - тек қылмыстық іс-әрекет. Яғни, бұл қылмыстардағы зардап қылмыс құрамының шегінен тыс жатыр. Қылмыстық зардапта әрқашанда материалдық сипат болады, мүліктік залал туындайды.

Меншікке қарсы жасалған кейбір қылмыстарда құрамның объективтік жағының міндетті түрдегі элементі қылмыс жасаудың тәсілі (күш қолданып немесе қолдан-бай, жасырын немесе ашық) болып табылады.

Меншікке қарсы қылмыстардың субъектісі заңда белгіленген жасқа жеткен, есі дұрыс адам бола алады, яғни қылмыс субъектісі жалпы. Бір қылмыста - мүлікті иеленіп алу немесе

ысырап етуде - қылмыс құрамының міндетті элементі арнаулы субъект болуға тиіс. Кейбір қылмыстарда арнаулы субъект сараланған құрамның нышаны ретінде алынады, мысалы, қызмет бабын пайдаланып жасалған алаяқтық (ҚК-тің 177-бабы 2-бөлігінің "в" тармағы), алдау немесе сенімге қиянат жасау жолымен мүліктік залал келтіру (ҚК-тің 182-бабының 1-бөлігі), жерге заттай құқықтарды бұзу (ҚК-тің 186-бабының 3-бөлігі).

Қылмыскердің жасына қарай жауаптылық жүктеуге байланысты мүлікке қарсы жасалған барлық қылмыс-тарды екі топқа бөлуге болады. 16 жастан бастап жауаптылық көзделген қылмыстарға: сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иеленіп алу немесе ысырап ету (ҚК-тің 176-бабы), алаяқтық (ҚК-тің 177-бабы), алдау немесе сенімге қиянат жасау жолымен мүліктік залал келтіру (ҚК-тің 182-бабы), көрінеу қылмыстық жолмен табылған мүлікті сатып алу немесе сату (ҚК-тің 183-бабы), интеллектуалдық меншік құқықтарынбұзу (ҚК-тің 184- бабы), жерге заттай құқықтарды бұзу (ҚК-тің 186-бабы), бөтен адамның мүлкін қасақана жою немесе бүлдіру (ҚК-тің 188-бабы), автомобильді немесе өзге де көлік құралдарын ұрлау мақсатынсыз заңсыз иелену және ауырлататын мән-жайлардың болмауы (ҚК-тің 185-бабының 1-бөлігі), ауырлататын мән-жайларсыз бөтен адамның мүлкін қаса- қана жою немесе бүлдіру (ҚК-тің 187-бабының 1-бөлігі) жатады. 14 жастан бастап жауаптылық көзделген қылмыстарға: ұрлық (ҚК-тің 175-бабы), тонау (ҚК-тің 178-бабы), қарақшылық (ҚК-тің 179-бабы), қорқытып алушылық (ҚК-тің 181-бабы), ауырлататын мән-жайларда автомобильді немесе өзге де көлік құралдарын ұрлау мақсатынсыз заңсыз иемдену (ҚК-тің 185-бабының 2-4-бөліктері), ауырлататын мән-жайларда бөтен адамның мүлкін қасақана жағу немесе бүлдіру (ҚК-тің 187-бабының 2, 3-бөліктері).

Субъективтік жағынан меншікке қарсы қылмыстар тікелей ниетпен жасалынады, меншікке қарсы тек бір қылмыс қана - бөтен мүлікті қасақана жою немесе бүлдіру (ҚК-тің 188-бабы) кінәнің абайсыз формасында жасалуы мүмкін.

3. Меншікке қарсы қылмыстар пайда табу мақсатында және пайда табу мақсатынсыз болып бөлінеді.

Пайда табу мақсатындағы қылмыстардың субъективтік жағының міндетті нышаны - пайда табуды көздеу немесе сондай себептер. Сонымен қатар, пайда табу мақсатындағы қылмыстарды, олардың объективтік жақтарына қарай, мүлікті алумен байланысты ұрлау деп аталған қылмыстарға және ұрлаумен байланысты емес қылмыстарға бөлуге болады. Ұрлауға мына қылмыстар жатады: ұрлық, иемденіп алу немесе ысырап ету, алаяқтық, тонау, қарақшылық, ерекше құнды заттарды ұрлау. Пайда табу мақсатындағы, бірақ ұрлаумен байланысты емес қылмытарға мыналар жатады: алдау немесе сенімге қиянатжасау жолымен мүліктік залал келтіру, көрінеу қылмыстық жолмен табылған мүлікті сатыпалу немесе сату, интеллектуалдық меншік құқықтарын бұзу, автомобильді не-месе өзге де көлік құралдарын ұрлау мақсатынсыз заңсыз иемдену, жерге заттай құқықтарды бұзу. Ал, бөтен мүлікті қасақана жою немесе бүлдіру, бөтен мүлікті абайсызда жою немесе бүлдіру пайда табу мақсатынсыз жасалған қылмыстарға жатады.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Криминология // Алауханов Е.О. – Алматы, 2010 ж.
2. Профилактика преступлений // Алауханов Е.О., Зарипов С.З. – Ал Нур-пресс, 2017 г.
3. Криминалистика// ТапаловаР.Б., БазиловаА.А., ДаубасоваС.Ш. –Ал Қазақ университеті, 2017 ж.
4. Криминология и предупреждение преступлений // Авдийский В.И. [ под ред. В.И. Айдийского – М:Издательство Юрайт, 2017 г.
5. Криминология/ Кайржанов Е.И.-2012 г.

Интернет-ресурсы:

6. htpp//www.Adilet.zan.kz,
7. http://almaty- otary.kz/vystuplenie--a.-
8. zhanabilovoy---pred.

**8 тақырып. Ұйымдасқан қылмыстылық**

**Түйінді сөздер:** ұйымдасқан қылмыс, ұйымдасқан топ, трансұлттық топ.

**Дәрістің мақсаты:** студенттерде қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу

мәселелерін анықтау қабілеттігін қалыптастыру болып табылады.

**Жоспары:**

1. Ұйымдасқан қылмыс дегеніміз не?
2. Ұйымдасқан қылмыстардың түрлері.
3. Трансұлттық топпен жасалатын қылмыстар.

**Ұйымдасқан қылмыс**— негізінен экономика аясындағы жүйелі қылмыстық әрекет. Ұйымдасқан қылмыс ұзақ уақытқа есептеліп, кәсіпшілік түрінде жасалады, оны қылмыстық қоғамдастықтар (қылмыстық ұйымдар) материалдық пайда алу немесе қоғамдық өмірдің белгілі бір аясына ықпал ету мақсатымен жоспарлап, жүзеге асырады. Қылмыстық ұйымдардың, көбінесе ел ішінде де, халықаралық деңгейде де белгілі бір құрылымы болады. Ұйымдасқан қылмыс ең алдымен құпия тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің айналымын шоғырландырып, бақылауға алады, мұндай тауарлар мен қызметтерге, бір жағынан, заң жүзінде тыйым салынған, екінші жағынан, олар қоғамда үлкен сұраныс туғызады (есірткі заттар, контрабандалық тауарлар, жезөкшелік, құмар ойындар). Ұйымдасқан қылмыс ерекше қауіпті, өйткені ол халықаралық деңгейде іскерлік әлеміне байқатпай дерлік ықпал етеді және онда үстем жағдайға қол жеткізеді. Қазақстанда қылмыстық қоғамдастықты (қылмыстық ұйымды) құру қоғамдық қауіпсіздікке қарсы қылмыстардың қатарына жатқызылған.

Ұйымдасқан қылмыспен жиі кездесетін қылмыстардың қатарына адам саудасы, қару-жарақ пен есірткі сату, контрафактілік, ақшаны жылыстату, адам ұрлау, қастандық және бопсалау және басқалары жатады.

Өздерінің қылмыстық үстемдігін орнататын жерлерде олар нарық сипатына байланысты монополиялық немесе олигополиялық режимдерді жүзеге асыруға бейім.

Ұйымдасқан қылмыстың кейбір мысалдары: 20 ғасырдың бірінші үштен біріндегі Америка Құрама Штаттарында Аль Капоне ең көрнекті жағдай болып табылады есірткі, олардың қызметі негізінен өткен ғасырдың соңы мен қазіргі уақыттың басында орналасуы мүмкін.

Қылмыстың осы түрімен күресуге жауапты полиция органы оның ерекшеліктерімен, әлемнің 190-нан астам елдерінде кеңселері бар. Өз тарапынан (БҰҰ), халықаралық деңгейде ұйымдасқан қылмысқа қарсы іс-қимыл тетіктерін ілгерілету мақсатында, 2000 жылы, Палермо, Италия, Біріккен Ұлттар Ұйымының Трансұлттық ұйымдасқан қылмысқа қарсы конвенциясы.

Қазақстан Республикасы қоғамы үшін ұйымдасқан қылмыстылық ұғымы салыстырмалы түрде жаңа пайда болған ұғым, бұрындары ол тек маман криминологтарға ғана белгілі болған және ол туралы мәліметтер қоғамнан жасырын түрде ұсталған. Қайта құру кезеңі ұйымдасқан қылмыстылықты күресуге мүмкіндік берді. Ол әлеуметтік-құқықтық құбылыстың қоғамға ашық енуі қоғамдық сана үшін байқалмай қалмады. Зерттеу көрсеткендей, ұйымдасқан қылмыстылық орын алып, өзінің қоғамдағы орнына ие екендігін мойындатпай қоймады, себебі ұйымдасқан қылмыстылықты заңдастыруға талпынған үрдістер де жүріп жатыр және ол қоғам мен мемлекеттің барлық салаларын бақылауға алуға бағытталған.

Ұйымдасқан қылмыстылықтың құқыққа қайшы қызметі мемлекеттік билік негіздерін шайқалтып, қоғамдық қауіпсіздікке қол сұғу қаупін төндіріп отыр. Сондықтан ұйымдасқан қылмыстылыққа қарсы тұру бойынша ең қатаң шаралар қолдану қажетжәне ең қысқа мерзімдерде, себебі қазіргі кезде ұйымдасқан қылмыстылық өршіп бара жатыр. Бүгінгі таңдағы заңдарға сәйкес ұйымдасқан қылмыстылықтың екі нысаны бар: ұйымдасқан топ және қылмыстық қауымдастық (ұйым). Егер ол бір немесе бірнеше қылмысты жасау үшін алдын ала біріккен тұрақты тұлғалар тобымен жасалса, ҚР ҚК-нің 31-бабының 3-бөлігіне сәйкес қылмыс ұйымдасқан топпен жасалған болып саналады. Сөйтіп, заңда қылмыстың ұйымдасқандығына қоса оның тұрақтылығы және мақсаты сияқты белгілері келтірілген. Егер ол ауыр немесе аса ауыр қылмыстарды жасау үшін құрылған, бірігіп ұйымдасқан топпен немесе сол мақсаттарда құрылған ұйымдасқан топтар бірлестігімен жасалса, ҚР ҚК-нің 31-бабының 4-бөлігіне сәйкес қылмыс қылмыстық қауымдастықпен (ұйыммен) жасалған болып табылады.

Қылмыстық қауымдастық (ұйым) ұйымдасқан топтан бірігіп ұйымдасу белгісімен және мақсаты бойынша (ауыр және аса ауыр қылмыстарды жасау үшін құрылу) ажыратылады. Қылмыстық қауымдастықтың (ұйымның) әдетте ұйымдасу деңгейі жоғары және жекелеген

қылмыстық бірлестіктер немесе ұйымдасқан топтардан құралады Дегенмен ТМД-ның барлық елдерінің қылмыстық заңнамасы ұйымдасқан қылмыстылықты анықтаудың бұл жолымен кеткен жоқ. Мәселен, Украина қылмыстық заңы ұйымдасқан қылмыстылыққа біршама басқалай анықтама берген. Егер дайындауда немесе жасауда белгілі бір қылмысты немесе бір жоспармен және топтың барлық қатысушыларына белгілі сол жоспарды жүзеге асыру үшін топ қатысушылары қызметтерін бөлумен біріккен өзге қылмыстардыжасау үшін алдын ала тұрақты ұйымға біріккен бірнеше тұлғалар (үш және одан көп) қатысса, Украина ҚК-нің 28-бабының 3-бөлігі бойынша қылмыс ұйымдасқан топпен жасалған болып саналады. Егер оның мүшелері немесе құрылымдық бөлімдері алдын ала сөз байласу бойынша ауыр және аса ауыр қылмыстарды бұл ұйым мүшелерімен тікелей жасау, өзге тұлғалардың қылмыстық қызметін үйлестіру мен басқару немесе қылмыстық қауымдастықтың өзінің және өзге қылмыстық топтардың қызмет етуін қамтамасыз ету мақсатында біріккен бірнеше тұлғалардың (үш немесе одан көп) тұрақты иерархиялық бірлестігімен жасалса, Украина ҚК-нің 28-бабының 4-бабы бойынша қылмыс қылмыстық қауымдастықпен жасалған болып есептеледі.

Д. Алешин пікіріне сәйкес украиналық заңғарушы позициясы бұл жағында тиімдірек болып табылады. Мұндай шешім негізіне тек қана заңнаманы талдау мен елдің қылмыстық заңнамасының теориялық негіздері, Украина сот тәжірибесін жалпылау ғана емес, сонымен қатар шетелдердің істегі қылмыстық заңнамасын салыстырмалы талдау, ұйымдасқан қылмыстылықпен күресу саласындағы халықаралық нормативтік-құқықтық актілерді талдау және әлеуметтік, психологиялық ғылымдар мәліметтері салынды. Бұл жерде Д. Алешин 2000 жылдың 12-15 желтоқсанында итальяндық Палермо қаласында өткен трансұлттық ұйымдасқан қылмыстылыққа қарсы өткен конференцияда қол қойылған БҰҰ Конвенциясына сүйенеді. Ұйымдасқан қылмыстылықтың сандық құрамы арнайы комитеттің жұмысы барысында жан-жақты қарастырылған, нәтижесінде ұйымдасқан топты үш немесе одан да көп тұлғалар құрай алады деген қорытынды жасалған. ҚР қылмыстық заңнамасы бойынша ұйымдасқан қылмыстық топ екі тұлғадан тұра алады және оны жалпы қылмыстық істер бойынша сот тәжірибесі растайды.

Маман-криминалистермен берілетін ұйымдасқан қылмыстылық анықтамалары ішінде Б. Нұрғалиев және В. Татарян берген анықтама неғұрлым толық болып табылады. Олардың ойынша, ұйымдасқан қылмыстылықтың көрінісіне жататын қылмыстар ретінде ҚР ҚКмен қарастырылған ұйымдасқан, жай топпен қылмыстық қауымдастықпен немесе ұйыммен жасалған барлық қасақана қылмыстарды жатқызуға болады, егер олар: – мемлекеттік органдардың, кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың немесе жергілікті өзін-өзі басқару органдарының лауазымды тұлғаларының өкілеттіктерін пайдалана отырып, жасалса; – экономикалық немесе өзге қызметті монополизациялаумен ұштасса; – оқ-қаруын, оқ-дәрілерді және адамдарға зиян келтіруге арналған өзге заттарды пайдалану арқылы жасалса; – шетелдегі қылмыстық байланыстарды пайдаланумен ұштасса; – ұйымдасқанқылмыстыққауымдастықтың қылмыстық табыстарын заңдастыру және көбейтумен ұштасса; – ұйымдасқанқылмыстық қызметфактілері бойынша анықтама немесе тергеу жүргізетін лауазымды тұлғаларға қарсылық көрсетілсе [5]. ҚР ҚК-нің 235-бабына сай аталған қылмыс құрамының қоғамға қауіптілігі күшіне орай бұл бап бойынша қылмыстық жауапкершілік ұйымдасқан топты, қылмыстық қауымдастықты құрған сәттен бастап аяқталған болып табылады. Сондықтан оның құрамында әртүрлі қылмыс жасаған тұлғалар әрекеттері ҚК-ніңң сәйкес баптары бойынша жеке саралануы керек.

ҚР Жоғарғы Соты 21.06.2001 күнгі “Бандылық және өзге қатысушылықта жасалған қылмыстар үшін жауапкершілік жөніндегі заңдарды соттардың қолдануы туралы” нормативтік қаулысында келесі түсіндірме береді: Егер ол қылмыстар оның ниетімен қамтылса, “ҚК-нің 31-бабының 5-бөлігінің талаптарына сай ұйымдасқан қылмыстық топты, қылмыстық қауымдастықты және банданы құрған, оған басшылық еткен тұлға әрекеттері ұйымдасқан қылмыстық топпен, бандамен немесе қылмыстық қауымдастықпен жасалған қылмыстар үшін жауапкершілікті көздейтін 235-баптың сәйкесінше 1-ші немесе 2-ші бөлігі немесе 237 баптың 1-ші бөлігі бойынша саралануға жатады [4]. Егер ұйымдастырушы қоса орындаушы болып табылмаса, қылмыстық кодекстің сәйкес бабы бойынша саралау 28-бапқа сілтемемен сараланады. Бандамен немесе қылмыстық қауымдастықпен жасалған қылмыстарға тікелей қатысқан ұйымдастырушы немесе банда не ұйымдасқан топ жетекшілерінің әрекеттері 235-

баптың 3-ші бөлігі немесе 237-баптың 2-ші бөлігі бойынша қосымша саралануға жатпайды. Қылмыстық қауымдастық немесе банда мүшелері әрекеттерін сәйкесінше 235-баптың 3-ші бөлігі немесе 237-баптың 2-ші бөлігі бойынша, сонымен қатар жасауына немесе дайындалуына қатысқан қылмыстар Ерекше бөлімнің сәйкес баптары бойынша сараланады.

Ұйымдасқан қылмыстық топқа қатысу өздігінен жауапкершілікке алып келмейтін болғандықтан, ұйымдасқан қылмыстық топ мүшелерінің әрекеттері жасауына немесе дайындалуына қатысқан қылмыстар Ерекше бөлімнің сәйкес баптары бойынша сараланады”. Сонымен, ұйымдасқан қылмыстық топ немесе қылмыстық қауымдастық құрамында қылмыс жасау 235-бап бойынша және нақты жасаған қылмысы үшін жауапкершілік көздейтін Ерекше бөлімнің бабы, қылмыстар жиынтығы бойынша саралауда белгілену керек. ҚК-нің 235-бабының 1, 2, 3 бөліктермен қылмыс субъектілері ретінде 16 жасқа толған есі дұрысжеке тұлға болады. 235-баптың 4-бөлігінде арнайысубъект қарастырылған қызметжағдайын пайдалану, ол қылмыс құрамын сараланған етеді. Сөйтіп, заң шығарушы ұйымдасқан қылмыс мүддесінде қызметтік жағдайын пайдаланатын тұлғалар үшін қатаң жауапкершілік көздеген.

Криминологиялық тұрғыдан қарағанда ұйымдасқан қылмыстылықтың келесі нысандары орын алады: – белгілі бір аймақта әрекет ететін ұйымдасқан топтар. Олар жалпы қылмыстық істермен айналысады, олардың жетекшілері, беделге ие және бұрын сотталған да, сотталмаған да болуы мүмкін. – белгілі бір аймақта орналасқан және жалпы қылмыстық істермен қатар экономика саласындағы қылмыстарды жасаумен айналысады және шенеуніктермен жемқор байланыстары бар. Ондай топтар мүшелері қатарына іскерлермен, яғни кооперативтер, кіші кәсіпорындар, бірлескен кәсіпорындар, мемлекеттік кәсіпорындар және өзге де ұйымдар басшыларымен қатар жалпы қылмыскерлер де кіреді. Ол топтар коммерциялық ұйымдардың және олардың басшыларының пайдақорлық және экономикалық мүдделеріне негізделген аймақаралық байланыстарға ие болады. Топ жетекшілері билік орындарында жауапты қызметке де ие болатын, бұрын сотталған не сотталмаған беделді тұлғалар болады. – бас бостандығынан айыру орындарында әрекет ететін ұйымдасқан топтар. Ол топтар сотталғандар арасында ұры заңдарын енгізу бойынша жұмыстар жүргізеді, жазасын өтеп жатқандарға, түзеу мекемесінің персоналына қарсықылмыстардыңжасалуын ұйымдастырады және кейіннен оларды қорқыту, шабуылдау арқылы қылмыс жасау үшін пайдаланады. – қылмыстарды аймақаралық байланыстарды қолдана отырып, жасау үшін арналған ұйымдасқан топтар.

Топтар әртүрлі мекен тұрғындарынан құралады. – “гастролер” деп те алатын ұйымдасқан топтар. Ол топтарға өзге аймақтарға шығумен ұштасқан қылмыстар жасаған тән. Топтар жергілікті қылмыстық топтар және заңдағы ұрылармен байланыста болады. Оларға келесі қылмыстық қызмет тән: ұрлық, тонау, қарақшылық, қорқытып алушылық, кісі өлтіру. – көлікте әрекет ететін ұйымдасқан топтар. Олар жалпы қылмыстық және экономика саласындағы қылмыстарды жасайды. – бандылық бағыттағы ұйымдасқан топтар. Олар қаруланған, көліктері, байланыс құралдары бар, аса қатыгездікпен сипатталады. Ол бандылық құрылымдар аса қоғамдық қауіптілікке ие. – халықаралық байланыстары бар ұйымдасқан топтар. Ол топтар Қазақстанда орналаса отырып, өзге шетелдермен байланыста болады. Ол бірлескен топтар үшін сипатты белгісі: отандық және шетелдік көліктерді ұрлау, есірткі саудасы, қаруды саудалау, пәтер тонаулары және қарақшылықтар.

Ауғанстанда, Солтүстік Кавказда әскери операцияларға, Қазақстан шекараларына жақын орналасқан аймақтардағы шиеленістердің болуына байланысты Қазақстанды Еуропаға адамдарды заңсыз өткізу аймағына айналдыру талпынысы орын алуда. Адамдарды заңсыз тасымалдау өзінің қатыгездігіне қарамастан, саудалаушыларға және қылмыстық синдикаттарға үлкен пайда алып келетін ауқымды бизнеске айналуда. Ондай тасымалдаулармен айналысатын қылмыстық топтар өте икемді, жаңа мән-жайларға тез икемделе алады, жақсы ұйымдасқан және бүркемеленген. Қазақстан ортаазиялық аймақтағы аумағы бойынша ірі мемлекет, бес мемлекетпен ортақ шекараға ие. Ол Азиядан есірткіні, алдымен, еуропалық елдерге, одан әрі қарай бүкіл әлемге таратудың транзиттік коридорына айналған.

Сарапшылардың бағалауы бойынша, Қазақстанда алынатын есірткі заттарының 80 пайызына жуығы шетелдік тегі бар. Барлығын алғанда, Қазақстан арқылы есірткіні тасымалдау масштабтары жыл сайын 100-150 тоннаға бағаланады. Құқық қорғау жүйесін реформалауҚазақстанның 2020 жылға дейінгі дамуының негізгі факторларының бірі Президент Н.Ә. Назарбаевтың «Жаңа онжылдық-жаңа экономикалық өрлеу-Қазақстанның жаңа

мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауында келтірілген реформаның мақсатыішкі істер органдарының, соның ішінде есірткімен күрес және оның алдын алу бойынша маманданған мекемелердің қызметін бағалау критерийлерінің түбегейлі өзгеруін талап етеді және олардың жұмыстарының нәтижесін қоғам өзі бағалайтындығы айтылған.

Халықаралық қылмыстық топтар тарапынан Қазақстанға қызығушылық, алдымен, оның ерекше геосаяси орналасуына, кеден және шекаралық бақылауды ұйымдастырудағы мәселелердің жетілмегендігі, визалық режим ерекшеліктеріне, миграциялық үрдістер күшеюіне, құқыққорғау органдарының өзара әрекеттестігінің қалыптасқан механизмінің болмауына байланысты орын алады. Ұйымдасқан қылмыстылықтың криминалдық әсер ету салаларына келер болсақ, бүгіндері ол қандай да болсын пайда алып келетін әлеуметтік қызметтің барлық салаларына еніп кетті. Қылмыстық қызметті жүзеге асыру барысында ол мемлекет және қоғам мүдделеріне үлкен нұқсан келтіруде. Ұйымдасқан қылмыстылықтың әсер ету саласында шаруашылық субъектілері, олардың ішінде, банктер, биржалар, мемлекеттік сектор кәсіпорындары бар. Аудандарда, қалаларда, базарлардың барлық сатушылары, автокөлік импортерлары, киоск, магазин, ресторан, кафелердің барлығына жуық иелері кіреді, олар белгілі бір ұйымдасқан топтарға салық төлеп отырады.

Көптеген жерлерде кәсіпкерлер магазин немесе киоск ашу үшін қылмыстық топтардан рұқсат алу керектігі жөніндегі жазылмаған тәртіп орнатылған. ҚР Жоғарғы Соты 21.06.2001 күнгі "Бандылық және өзге қатысушылықта жасалған қылмыстар үшін жауапкершілік жөніндегі заңдарды соттардың қолдануы туралы" нормативтік қаулысында келесі түсіндірме береді: "ҚК-нің 31-бабының 5-бөлігінің талаптарына сай ұйымдасқан қылмыстық топты, қылмыстық қауымдастықты және бандыны құрған және оған басшылық еткен тұлға әрекеттері ұйымдасқан қылмыстық топпен, бандымен немесе қылмыстық қауымдастықпен жасалған қылмыстар үшін жауапкершілікті көздейтін 235-баптың сәйкесінше 1-ші немесе 2-ші бөлігі не 237-баптың 1-ші бөлігі бойынша саралануға жатады. Сонымен қатар егер ұйымдастырушы қоса орындаушы болып табылмаса, Қылмыстық кодекстің сәйкес бабы бойынша саралау 28-бапқа сілтемемен сараланады. Экономикалық салалардағы ұйымдасқан қылмыстылық ұлғаюда.

Қорқыту немесе физикалық күш қолдану арқылы рэкетирлер кәсіпкерлерді әртүрлі сылтаумен ақша төлеуге мәжбүрлейді. Трансұлттық операциялар қылмыстық ұйымдарға тиімді нарыққа жол тауып, оларға кіру жолдарын табуға мүмкіндік береді, олар өздері үшін неғұрлым қауіпсіз болып табылатын аумақтан әрекет етеді. Қылмыстық қызметтен алынған табыстар әлемдік қаржы жүйесінің каналдары бойынша жүреді, олар ол үшін салықтарды айналып өтуге қолайлы аумақтарды таңдайды. Қылмыстық қызметті жүзеге асыру барысында ол мемлекет және қоғам мүдделеріне үлкен нұқсан келтіреді.

Ұйымдасқан қылмыстылықтың криминалдық әсер ету салалары бүгіндері ол қандай да болсын пайда алып келетін әлеуметтік қызметтің барлық салаларына еніп кеткен. Қылмыстық ұйымдардың ұлттық шекаралардан шығуы тек қана нарықтың құрылымы өзгеруіне ғана емес, сонымен қатар құқықорғау органдарының бақылауынан ауытқу себептеріне де байланысты. Әртүрлі елдердегі қылмыстық сот әділдігінің және құқық қорғау органдары жүйесінің әртүрлілігі әр қылмыстық элемент үшін неғұрлым қауіпсіз болып табылатын аумақта орналасу мүмкіндігіне ие болады. Сондықтан қылмыстық ұйымдар өздері үшін неғұрлым қауіпсіз аумақта орналасуға тырысады. Қылмыстық топтар және қауымдастықтар өздерінің әсер ету аймақтарын кеңейтуде. Қорыта келгенде, мемлекеттік билік бүгінгі күні сыбайлас жемқорлықпен шатысқан, мемлекеттік шенеуніктер ұйымдасқан қылмыстылықпен бірге әрекет ете отырып, оған белгілі бір қызметтер көрсететіндіктерін айтуға болады. Сондықтан жерлердегі билік органдарында тәртіп орнатылып, халық пен партия, қоғам бақылауында болып, ұйымдасқан қылмыстылықтың жаңа тенденцияларын анықтау керек және құқық қорғау қызметінің басым бағыттарын анықтап, ұйымдасқан қылмыстылықтан халықты, әр азаматты жеке қорғау керек. Жергілікті деңгейде ұйымдасқан қылмыстылықпен сәтті күресу үшін аумақтық билік органдары әртүрлі шаралар кешенін қолданып, саяси, әлеуметтік, мәдени-тәрбие, құқықтық шараларды пайдаланып, қоғам өміріндегі жақсылық, әділеттілік, адамгершілік заңдарын бекітіп, зорлық пен қатыгездікті болдырмау бойынша іс-әрекеттерді жүзеге асыруы тиіс.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

**1** ҚР Конституциясы. – 30 тамыз 1995.

**2** Ерин В. Глобальный план ООН по борьбе с организованной преступностью// Международная жизнь. – М., 1995. – № 3.
**3** Алешин Д. Организованные формы соучастия в преступлении по УК РК и УК Украины, Законность. № 11, 2002.
**4** 4 Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты Пленумының Қаулысы Соттарды бандылық және қатысуда жасалған өзге қылмыстар үшін жауапкершілік туралы заңнаманы қолданудың кейбір мәселелері туралы 21.06.2001
**5** 5 ҚР Қылмыстық кодексі 16 шілде 1997.
**6** 6 Ұйымдасқан топтармен жасалатын қылмыстарды тергеу (тергеушілерге арналған Әдістемелік ұсыныстар) ҚР ҚПА. – Астана, 2002.

**9– тақырып. Зорлықпен күш көрсету қылмыстылығы және оның криминологиялық сипаттамасы**

**Түйінді сөздер:** зорлық, отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылық, қоласыз тенденция.

**Дәрістің мақсаты:** студенттерде қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу мәселелерін анықтау қабілеттігін қалыптастыру болып табылады.

**Жоспары:**
1. Зорлық-зомбылық қылмысының криминологиялық сипаттамасы
2. Әйелдер мен балаларға қатысты отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылық
3. Зорлық-зомбылық қылмыстарының динамикасы

Көптеген ғасырлар бұрын әлемде билік Заңы үстемдік етті. Зорлық-зомбылық кез-келген мәселені шешудің әмбебап құралы болды. Қоғамның дамуы мақсаттарға жетудің, әлеуметтік қақтығыстарды шешудің күш нұсқаларын шектеу қажеттілігін түсінуге әкелді. Өкінішке орай, зорлық-зомбылықтың қатыгездігі туралы хабардар болу адамзаттың тұлғааралық және мемлекетаралық тәжірибеде одан бас тартуға дайын болуынан әлдеқайда озық болды. Зорлық-зомбылық қылмысы-адамзаттың гендік жадында қалыптасқан жабайы табиғат импульстары мен гуманизм идеялары, әлеуметтік қатынастардың әділдігі туралы идеялар арасындағы қайшылықтың нәтижесі.

**Зорлық-зомбылық қылмысының криминологиялық сипаттамасы**

Криминологияда зорлық зомбылық қылмыстарының екі түрі бар:

1) күштеп-өзімшілдік;

2) пайдакүнемдік-зорлық-зомбылық.

Қылмыстардың бірінші тобында зорлық-зомбылық қылмыстық мотивацияның мәні болып табылады. Екіншісінде-белгілі бір нәтижеге жету тәсілі. Бұл жіктеу қылмыстардың іс жүргізу және аспаптық болып бөлінуіне сәйкес келеді (біріншісі жеке тұлғаны оларды жасау процесіне қанағаттандырады, екіншісі белгілі бір мәселелерді шешудің құралы болып табылады).

Зорлық-зомбылық қылмыстарына кісі өлтіру, дене жарақатын келтіру, зорлау, жыныстық сипаттағы зорлық-зомбылық, ұрып-соғу, азаптау, кепілге алу, адам ұрлау, трансплантациялау үшін адамның мүшелерін немесе тіндерін алуға мәжбүрлеу, заңсыз бас бостандығынан айыру, терроризм, құқық қорғау органының қызметкерінің өміріне қол сұғу, Билік өкіліне қатысты зорлық-зомбылық қолдану жатады. Мотивацияның сипатына байланысты бұл қылмыстар зорлық-зомбылық пен өзімшілдікке (ұлттық, нәсілдік, діни өшпенділік немесе дұшпандық немесе қанды кек алу негізінде өлтіру), сондай-ақ өзімшілдік пен зорлық-зомбылыққа (өзімшіл ниетпен немесе жалдау арқылы өлтіру) жатқызылуы мүмкін.

Тек зорлық-зомбылық пен өзімшілдік қылмыстарға, мысалы, зорлау немесе азаптау жатады.

Қылмыс құрылымындағы зорлық-зомбылық қылмыстарының үлесі аз. Зорлық-зомбылық қылмысының құрылымы өте тұрақты: "жалпы алғанда, ауыр зорлық-зомбылық бүкіл қылмыстың құрылымында әлі де қарапайым орын алады. Ол барлық қылмыстық жазаланатын әрекеттердің жалпы санының төрт-алты пайызын ғана құрайды. Бұл қылмыстың шарттарының арақатынасы өте тұрақты. Сонымен, орташа есеппен бір қасақана кісі өлтіру екі ауыр дене жарақатын және бір зорлауды құрайды"'.

Қылмыстық құрылымдағы осы типтегі қылмыстар шамамен 5% құрайтындығына

қарамастан, олар қоғамдық санада "қылмыс" ұғымымен байланысты, олар саяси режимге халықтың наразылығының катализаторы болып табылады. Бұл олардың әлеуметтік қауіптілігінің ерекше аспектісі.

С. Б. Алимовтың зерттеулеріне сәйкес, кісі өлтіру мен денсаулыққа ауыр зиян келтірудің жартысынан көбі аптаның соңғы үш күнінде: жұма, сенбі және жексенбіде болады. Криминогенділіктің шыңы жұмада, сағат 18-ден 20-ға дейін. Кісі өлтіру мен дене жарақаттарының 2/3 бөлігінде зорлық-зомбылық құралдары пышақтау және кесу заттары (пышақтар), 1/5 — соққылар немесе соққылар, 1/10 — аңшылық қару болды. Осы қылмыстардан зардап шеккендердің жалпы жиынтығында қылмыскермен отбасылық-тұрмыстық қатынастармен байланысты адамдар басым болады'.

**Әйелдер мен балаларға қатысты отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылық** өте өзекті мәселе болып табылады. Баланың көз алдында күйеуінің немесе бірге тұратын адамның анасын ұруы баланың психикасы үшін із қалдырмайды. Балалардың психикалық жарақаттарының одан да күшті көзі - балаларды ұрып-соғу (әлсіздерге ашулану тәртібімен), ата-аналардың жыныстық зорлық-зомбылығы және агрессивті "отбасылық педагогика". Өмірдің басында адам басқаларға деген өшпенділіктің қатты зарядын алады. Балалар мен жасөспірімдер бұл жеккөрушілікті өздерінен әлсіз адамдарға (жануарларға, әлсіз құрдастарына) қояды. Әлсіздерге зұлымдықты жоюдың арналарының бірі әскери қызмет болып табылады, онда ескі қызметкер бола отырып, қатыгез жас әріптестерін мазақ етудің шексіз мүмкіндіктеріне ие болады.

**Зорлық-зомбылық қылмыстарының динамикасы** өсумен сипатталады. Өте қолайсыз тенденцияларға мыналар жатады:

- қастандықтардың үлес салмағының төмендеуі (қылмыскерлер көбінесе қылмыстық әрекеттердің жолын кесудің әлеуметтік механизмінің тиімділігінің төмендеуін көрсететін өздерінің қылмыстық ниеттерін толығымен жүзеге асыра алады);
- қасақана зорлық-зомбылық қылмыстарының үлес салмағын ұлғайту(алдын ала мұқият жоспарланғандар);
- қаруды (оның ішінде жарылғыш заттарды) қолдану арқылы жасалатын зорлық-зомбылық қылмыстарының үлес салмағын ұлғайту.

Бұл тенденциялар қылмыскерлер арасындағы кісі өлтірушілердің үлесі артып келе жатқанын, қылмыскерлер қатыгез және білікті бола бастағанын, материалдық жағынан (жақсы қаруланған) және кәсіби тұрғыдан дайындалғанын көрсетеді (баспен ату зорлық-зомбылықтың жалпы атрибутына айналады).

Қолайсыз тенденция-бұл дәстүрлі түрде төмен патенттерге жататын зорлық-зомбылық қылмыстарының кідірісінің артуы.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Криминология // Алауханов Е.О. – Алматы, 2010 ж.
2. Профилактика преступлений // Алауханов Е.О., Зарипов С.З. – Ал Нур-пресс, 2017 г.
3. Криминалистика// ТапаловаР.Б., БазиловаА.А., ДаубасоваС.Ш. –Ал Қазақ университеті, 2017 ж.
4. Криминология и предупреждение преступлений // Авдийский В.И. [ под ред. В.И. Айдийского – М:Издательство Юрайт, 2017 г.
5. Криминология/ Кайржанов Е.И.-2012 г.

Интернет-ресурсы:

6. htpp//www.Adilet.zan.kz,
7. http://almaty- otary.kz/vystuplenie--a.-
8. zhanabilovoy---pred.

## 10- тақырып. Экономикалық қылмыстылықтың криминологиялық сипаттамасы

**Түйінді сөздер:** экономикалық қызмет, қаржы саясаты, терроризмді қаржыландыру,

экономикалық контрабанда.

**Дәрістің мақсаты:** студенттерде қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу мәселелерін анықтау қабілеттігін қалыптастыру болып табылады.

**Жоспары:**

1. Экономикалық қылмыстың түсінігі;
2. ҚР экономикалық қылмыстарды алдын алу жолдары;
3. Экономикалық контрабанда тұсінігі.

Экономикалық қызмет саласындағы қылмыстар құқыққа қайшы, қоғамдық қауіпті, зиян келтіретін елеулі материалдық залал, өзімшілдікке қол сұғу шаруашылық қызмет үшін пайдаланылатын меншік, экономикалық процестерді басқарудың белгіленген тәртібі және азаматтардың, заңды тұлғалардың және со мемлекетінің экономикалық құқықтары мен мүдделері жүйеде белгілі бір функцияларды орындайтын тұлғалардың тараптары экономикалық қатынастар. Осы қылмыстық-құқықтық қылмыстар мағынасы бірнеше ондаған қылмыс құрамдарының жиынтығын құрайды, қылмыстық заңда көзделген.

Криминологиялық сипаттама белгілердің жиынтығы ретінде жүзеге асыру үшін маңызы қажет қылмыстық іс-әрекеттер олармен тиімді күресу – жүргізушілерді анықтаудың маңызды құралы қылмыстардың алдын алу жөніндегі қызметті жандандыру бағыттары. Криминологиялық жауап беруі керек негізгі талап экономикалық қылмыстардың сипаттамасы онда біріктірілген деректер қажетті толықтығымен туралы мәліметтерді көрсетті құбылыстар мен оларда көрсетілген маңызды белгілер мен қасиеттер олармен байланысты белгілі бір жағдайлар шеңбері. Криминологиялық экономикалық қылмыстардың сипаттамасы, ең болмағанда, күрделі, бұл қылмыстардың формалары мен тәсілдері әр түрлі және қоғамдағы өзгеретін жағдайларға тез бейімделу қабілеті, әсіресе экономикада.

Қаржы саясаты және елдегі ақша айналымы саласында құқықтық саясат Тұжырымдамасының басымдықтары нығайтуға байланысты қазіргі заманғы тұрақты Ұлттық қаржы нарығы нақты нарық ретінде мемлекеттің, азаматтардың және заңды тұлғалардың мүдделерін қорғау құралы тиімді қаржы жүйесінің жұмыс істеуі мемлекеттік саясаттың құрамдас бөліктері. Қылмыстар жасағаны үшін жауапкершілік жеке адамға және бүкіл мемлекетке экономикалық зиян, барлық заманауи мемлекеттердің қылмыстық заңнамасында көзделген. Әр түрлі мемлекеттердің заңнамасын салыстырмалы зерттеу шешім қабылдау кезінде басқа адамдардың қателіктері мен жетістіктерін анықтау және ескеру мүмкіндігі қылмыс және нақты әрекеттердің жазалануы туралы сұрақтар. Талдау экономикалық реттейтін шетелдік заңнаманы қылмыстар, әр түрлі ерекшеліктерді анықтауға мүмкіндік береді осы қылмыстық-құқықтық қатынастарды заңнамалық реттеу, белгілі бір санаттардың ерекшелігі, құқықтық анықтамалардың ерекшелігі, әр түрлі мемлекеттердің заң шығарушысы салған мазмұнды салыстырыңыз белгілі бір терминдер.

Қылмыстардың ерекшеліктерін анықтау экономикалық бағыт қылмыстық талдау мысалында жүргізілді мәселелерге алғашқылардың бірі болып тап болған заңнамалар экономикалық қылмыстармен күрес және қажеттілігін түсінді оларға қарсы іс-қимыл шараларын әзірлеу, атап айтқанда Англия мен АҚШ. Белсенді экономикалық қылмыстарға қарсы күрес осы елдерде басталды 1970 ж. Экономикалық қылмыстардың қылмыстық-құқықтық сипаттамасы, экономика саласында жасалатын криминологиялық үшін бастапқы болып табылады сипаттамалары. "Экономикалық қылмыстар қарастырылған қылмыстық заңнамада қоғамдық қауіпті әрекеттер (әрекеттер немесе іс-әрекетсіздік), ұлтқа зиян келтіретін немесе келтіре алатын Экономика, оның салалары немесе салалары". Сондықтан топтарды анықтау кезінде экономикалық қылмыстарға қатысты қылмыстар, интеграциялық белгі материалдық зиян келтіру болып табылады бүкіл қоғам мен азаматтардың заңмен қорғалатын экономикалық мүдделеріне жымқыру салдарынан. Қол сұғушылық мыналарға жасалады қоғамның экономикалық негіздері.

Қазақстанда алдын алу бойынша бастапқы кезең терроризмді қаржыландыруға бағытталған операцияларды жасау және (немесе) экстремизм " заңдастыруға қарсы іс-қимыл туралы "Заңның қабылдануы болды заңсыз жолмен алынған кірістерді жылыстату және қаржыландыру 28.08.2009 жылғы" терроризмнің алдын алу мақсатында заң шығарушы қылмыс жасау бұлтартпау және талдау жөніндегі нормаларды көздейді күдікті мәмілелер. Атап айтқанда,

қаржылық мониторингке жатады 1 миллион теңгеден астам қолма-қол нысанда жасалатын мәмілелер. Қылмыстарды криминологиялық сипаттау мәселелеріне арналған и. Ш. сияқты бірқатар көрнекті отандық криминологтардың жұмыстары. Борчашвили, Е. Алауханов, е. и. Қайыржанов, и. И Рогов, сондай-ақ ресейлік криминологтар: в. К. Бабаев, а. п. Бембетов, а. п. Кузнецов және т. б.Көптеген жылдар бойы қылмысты талдау экономикалық тұрғыдан тиімді екенін дәлелдеді. қылмыстар бір-бірімен байланысты, біреуінің құрылымының күйінің өзгеруі қылмыстар басқалардың өзгеруіне әкеледі. Мысалы, ұрлықтың өсуі меншікке қарсы қылмыстардың өзгеруіне байланысты және

Экономикалық қызмет саласындағы қылмыстар және т. б. Тәжірибе көрсеткендей, экономикалық қылмыс тығыз байланысты ұйымдасқан қылмыс. Қылмыстық-құқықтық күрестің күшеюімен қылмыспен, оның ішінде ұйымдасқан қылмыспен дәстүрлі қылмыстық бағыттағы құрылымдар коммерциялық құрылымдар. Негізінен бұл топтар алу мақсатында нарықты игеру процесінде "пайда" алдау арқылы ұрлық жасайды және сенімді теріс пайдалану, сондай-ақ экономика саласындағы қылмыстар. Мысал ретінде ірі сомаларды қолма-қол ақшаға айналдыратын кәсіпорындар бола алады ақша. "Көлеңкелі" экономикада жұмыс істейтін қылмыстық топтар көбінесе мамандандырылған қылмыстық құрылымдардың объектісіне айналу ауырлығы орташа, кейде ауыр қылмыстар жасау кезінде қылмыстар: тонау, бопсалау және тонау. Сәйкес ҚР экономикалық және экономикалық күрес агенттігінің жедел сыбайлас жемқорлық қылмыспен (қаржы полициясы) 31.01.2012 ж., Қызылорда облысы бойынша департаментімен тергеліп жатқан ЖШС директорына қатысты қылмыстық іс.Қосымша ҚР ҚК 193-бабы 3-бөлігінің"в" т. бойынша қылмыстық іс қозғалды (заңдастыру ақша қаражатын немесе заңсыз сатып алынған өзге де мүлікті қаржылық операцияларды заңсыз жасаған екі ЖШС-мен сатып алынған мұнай қалдықтары 789, 756 жалпы сомасы 46 540 000 теңгеге тонна.

